

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҒЫ

**Қазақстан Республикасының қосымша білім беру ұйымдары
жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің жаңа бағыттары**

Әдістемелік нұсқаулар

Астана – 2013

Қазақстан Республикасының қосымша білім беру ұйымдары жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің жаңа бағыттары (әдістемелік нұсқаулар) – РМҚК «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» (РҚБОӘО) – Астана, 2013 жыл, - 63 с.

Авторлары: Жексенбаева Ү.Б., РМҚК «РҚБОӘО» директоры, п.ғ.д., профессор; Хан Н.Н.– педагогика ғылымдарының докторы, профессор; Колумбаева Ш.Ж. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор; Атажанова Л.А., РМҚК «РҚБОӘО» директордың орынбасары; Белгібаева М.Б., РМҚК «РҚБОӘО» Алматы қ. филиалының жетекшісі.

Әдістемелік нұсқауларда балаларға әлеуметтік тәрбие берудің жаңа қалыптары және олардың Қазақстан Республикасының қосымша білім беру жүйесі тәжірибесінде тиімді жүзеге асырылуының негізгі механизмдері көрсетілген.

Нұсқаулар білім саласындағы педагогика қызметкерлеріне арналған.

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының
әдістемелік кеңесімен басылымға ұсынылған*

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2013

МАЗМҰНЫ

Нормативтік сілтемелер.....	6
Кіріспе	10
1. Қазақстан Республикасының қосымша білім беру ұйымдары жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің теориялық-әдістемелік жаңа негіздері.....	13
1.1. Қосымша білім беру ұйымдары жүйесінде әлеуметтік тәрбие беру жаңа үдерістерінің теориялық-әдістемелік бағдарлары.....	13
1.2. Қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбиенің «инновация» және «инновациялық үдерістер» ұғымдарының жалпы сипаттамасы.....	23
1.3. Қазақстан Республикасының қосымша білім беру ұйымдары жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық үдерістерінің мәні мен мазмұны.....	33
1.4. Қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбиенің нормативтік-құқықтық қамтамасыздандырудың инновациялық мәнмәтіні	41
1.5 Қосымша (бейресми) білім беру жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің әлемдік үрдісі.	49
1.6 Қазақстан Республикасының қосымша білім беру жүйесіндегі әлеуметтік тәрбие беру инновациялары және инновациялық үдерістерінің нақты жағдайының сипаты және оның дамуының басым бағыттары	53
Қорытынды.....	60
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	64

Нормативтік сілтемелер

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) - Астана, 2012 ж.

«Қазақстан-2030» Стратегиясы.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы әдістемелік нұсқауларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылған:

білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік, зияткерлік, мәдени, дендік дамуын, әрі кәсіби біліктілігін жоғары деңгейге жеткізуді көздейтін оқыту мен тәрбие берудің үздіксіз үдерісі;

білім беру жүйесі - Қазақстан Республикасының өзара іс-қимыл жасайтын:

1) білім беру деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және білім беретін оқу бағдарламаларының;

2) меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан, білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының;

3) білім беруді басқару органдары және тиісті инфрақұрылымдар, оның ішінде білім сапасы мониторингін жүзеге асыратын ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарының жиынтығын білдіреді;

жалпы білім беретін мектеп – негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, әрқайсысы жеке жұмыс жасап, үш: бастауыш, негізгі орта және жалпы орта сатыларынан тұратын орта жалпы білім беретін оқу орны;

қосымша білім беру – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі; (ҚР «Білім туралы» Заңы)

балаларға қосымша білім беру - баланың өз таңдауы бойынша үздіксіз индивидуалдық білім траекториясында шығармашылық дамуына, әлеуметтенуіне, өмірлік тәжірибе бекітуіне, кәсіби және жеке тұлғалық өз-өзін тануына, өз өміріне қатысты маңызды мәселелерді шешуіне, сонымен қатар бос уақытын тиімді пайдалануына, қарым-қатынас ортасын, өмір құндылығын және бағдарын таңдай білуіне ықпал туғызатын ҚР жалпы білім берудің ішкі жүйесі; (ҚР балаларға қосымша білім беру концепциясы.Тұжырымдама);

орта білім - азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруі нәтижесінде алатын білімі (ҚР «Білім туралы» Заңы);

жалпы білім беретін мектеп - бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны (ҚР «Білім туралы» Заңы);

әлеуметтік тәрбие беру – әлеуметтік бейімделген әлеуметтік құзыретті тұлғаны тәрбиелеу үшін тәрбие беру ұйымдарында қоғамда қалыптасқан тәртіп ережелері мен әлеуметтік-мәдени тәжірибе,

ұйымдастырушылық пен әлеуметтік құзырларды меңгеруде жоспарлы шарттарды жасау барысында оқушылардың қағидалар, құндылықтар, нормалар мен жеке өмірлік тәжірибе игеру үдерісі;

«инновация» (ағылш. innovation) мағынасы бойынша «жана енгізілім» сөзіне сәйкес; инновациялық қызметтің тиімді көтерілуіне және жетілуіне ықпалын тигізіп, жаңалықты шығару, тарату, қолдануда дамушы кешенді үдерісі ретінде қарастырылады;

инновациялық үдеріс – негізгі 3 сатыны: идеяны түрлендіру, қолданбалы аспектіде идеяны өңдеу және жүзеге асыру, жаңалықты әлеуметтік-педагогикалық ортада қолдану қамтитын қосымша білім беру ұйымдары ұжымының кешенді қызметі;

инновациялық үдерістер – инновациялық қызмет, инновациялық сана-сезім және инновациялық тәртіпті «іске қосу» үдерістері;

инноватика – педагогикалық инновацияларды, олардың білім субъектілерін, бұрынғы және келешектегі дәстүрмен байланысы бойынша заңға сәйкес шығуы мен даму табиғатын зерттейтін ғылым.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

БЖ – білім беру жүйесі

ҚБ – қосымша білім беру

ИҚС – инновациялық қызмет сапасы

БПҮ – біртұтас педагогикалық үдеріс

КІРІСПЕ

Білім беру жүйесінің дамуы Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының басым бағыты болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1] анықталған білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі артықшылықтары мен қағидаттары жалпы білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ету бағытында тереңделіп, айқындалып жатыр.

Қазақстанды дамыту «Қазақстан-2030» стратегиясында алдағы ғасырда экономикалық және әлеуметтік жетістіктің жетекші факторы болып «адамдар және олардың қалауы, жігері, өжеттігі, білімі», ал ХХІ ғасырда қоғамның дамуының негізгі қағидаты, ең бірінші, білімділіктің деңгейімен анықталатын ұлттың бәсекеге қабілеттілігі болатыны белгіленген. [2] Сондықтан мемлекеттік білім беру саясатының басты бағыттарының бірі мемлекетті, экономиканы, ғылымды және мәдениетті басқаруда тұтқалы орындарды басуға шамалы, мемлекеттің негізгі интеллектуалдық және шығармашылық әлеуеті мен баға жетпес игілігі, балалар мен жасөспірімдерді қолдауға және жетілдіруге бағытталған инновациялық бейімді құралған, құзыретті және кәсіби-бағдарлы білім беру жүйесі болып табылады.

Жаһандастыру, ақпараттандырылған қоғамға бетбұрыс, адамдар капиталының ролін арттыру шарттары бойынша тәрбие беру тек адамның жеке басының ғана емес, сонымен қатар барша қоғамның дамуының маңызды факторы болып табылады. Сондықтан тәрбие берудің артықшылық жағдайлары мен міндеттері әлемдік бірлестіктің мәселелерімен байланыста болып, қоғамы эволюцияның мүддесі мен келешегіне міндетті түрде сәйкес болуы керек. Адам қазіргі заман ғылымы мен мәдениетінің жоғары технологиялық өндіріс деңгейіне сәйкес болуы керек.

Тәрбие беру – бұл қоғамның әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері мен әлеуметтік-экономикалық, саясаттық және мәдениеттік ахуалымен тығыз байланысқан нақты-тарихи көрініс (Косенко Т.С.). Өзгертілген әлеуметтік-экономикалық, саясаттық шарттар қайта ойластыруға, әлеуметтік-мәдени мүдделерін түсіндіруді жаңартуға әкелді. Осы жағдай тәрбие берудің жаңа тәсілдерін қарастырып, оның мәнінің жаңартылуына әсерін тигізіп, әлеуметтенудің, әлеуметтік тәрбие берудің спецификасында көрінді.

Әлеуметтік тәрбие беру – бұл көзделген бағытта адамның даму (материалдық, рухани, ұйымдастырушылық) талаптарын жүзеге асыру. Ол тәрбие берудің барлық түрінен (ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дендік және т.б.) құралады. Әлеуметтік тәрбие берудің басты мақсаты - қоғамның еңбек етушісі мен азаматы функцияларын орындауға дайын адамды дамыту.

Жаһандалған әлемдік үдерістер, түрлі мемлекеттердің әлеуметтік күші орнының өзгеріске ұшырауы, Қазақстандағы әлеуметтік-

экономикалық қайта құру адамның әлеуметтік-мәдени кеңістігін өзгертті. Ол жаңа мәселелердің: этно-ұлттық шиеленесушілік пен әлеуметтік қақтығысты басу, әлеуметтік теңсіздікті шектеу, рухани өмір сүру, рухани-адамгершілік, азаматтық қалыптасу, өз-өзін тану және тұлғаның жеке дамуының басым талаптарының пайда болуына байланысты кеңейді.

Қазіргі заман қоғамында адам «түрлі қоғамдар, қосалқы мәдениеттер, жергілікті топтар талабының, сонымен қатар жалпы қоғами, әрі нақты-тарихи идеялардың, бағдарламалардың таратушысы» болып табылады, сондықтан оның әлеуметтенуі түрлі тұрғыдан және басқа адамдармен қарым-қатынас түрлерімен қатар жүзеге асырылады». (Т.А.Ромм). Әлеуметтік-мәдени кеңістік мектеп жасөспірімдеріне ерекше ықпал тигізе алады: бір жағынан, ересектік өмір элементтерінің өсуі (яғни, бос уақытты өткізу, табыс табу, қарым-қатынас орнату түрлері), екінші жағынан – ересек адамдар балалардың өміріне араласуды қойып, балаларға және балалық шаққа нақты тұрғыдан қарамайды. (Т.А.Ромм). Мұндай үйлесімсіздік жастардың әлеуметтік бейқамдылығына, олардың адамгершілік құндылығының өзгеруіне, әлеуметтік-мәнді тұрғыны қабылдауға дайын болмауына және маскүнемдіктің өсуіне, нашакорлыққа, өз-өзіне қол жұмсауға, қылмыстықтың жаңаруына, жасөспірімдер санының өсуіне, өзінің ересек адамдарға қатысты қарым-қатынасына байланысты өзінің «Мен» дәрежесін ұғынуына әкеледі.

Сонымен, жоғарыда айтылған жағдайлар әлеуметтік тәрбие беруді ұйымдастырудың шарттары, мазмұны, түрлері мен амалдарының тиімді өзгеруіне ықпалын тигізді. Мұндай өзгеріс мектеп жастарын әлеуметтендірудің педагогикалық амалдарын іздеу мүмкіншілігіне жол ашты. Яғни, жаңа әлеуметтік-мәдени тұрғыда тіршілік қарекетіне дайындауда жас ұрпақтың әлеуметтік тәжірибе алуына қоғамдық көмек көрсетуге бағытталған инновациялардың, инновациялық үдерістердің жүзеге асырылуы қажет.

Әлеуметтік тәрбие беру амалдарын шешудегі маңызды рөл қосымша білім беру жүйесіне тиесілі. Балаларға қосымша білім беру – сан қырлы тұлғаны тәрбиелеуге, білім беруге, кәсіби бағытқа ерте жол көрсетуге қажетті буын. Балаларға қосымша білім беру құндылығы жалпы білім беру құрамының түрлілігін күшейтіп, оларға өмірдің мәнін түсінуге, өзінің кәсіп таңдауына көмектесіп, жасөспірімдерге балалық шақты толық сезініп өсуіне, өз-өзін жетілдірудің жеке жолын табуына ықпалын тигізеді.

Сонымен қатар, бүгінгі күні Қазақстанның әлеуметтік тәрбие беру тәсілдерін шешуде қосымша білім беру жүйесі рөлінің жеткілікті емес екені: оқушылардың денсаулық және салауатты өмір салтының барлық қырына (адамгершілік, әлеуметтік, психикалық және дендік) мән беруін және ұлттық сана-сезімін қалыптастырудан, азаматтық сәйкестілік, ұлтаралық және конфессияаралық шыдамдылық, жеткіншек ұрпақтың этно-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандырудан айқын көрінеді.

Сондықтан, қосымша білім беру жүйесіндегі балаларға әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық үдерістерін негіздеп, анықтау қажет.

Қосымша білім беру – бұл өздігінен ұйымдастырылатын жүйе. Қосымша білім беру өздігінен ұйымдастырылатын жүйе ретінде жаңартылып отыруы үшін оның педагогикалық жаңа идеялары, жүйелері және технологиялары бекітілуі тиіс. Олар бірден пайда болмайды, оларды игеру қажет, яғни жаңа тәжірибені жетілдіру қажет. Сонымен, оқушыларға әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық үдерістері қосымша білім беру жүйесі ғылым, тәжірибе және қазіргі қазақстандық қоғамның сұранысында өзекті, әрі жаңа болып табылады.

Күтілетін нәтижелер:

ҚБ жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие беру инновациясы мен инновациялық үдерістерінің теориялық-әдістемелік негізделуі.

ҚР қосымша білім беру жүйесінде балаларды әлеуметтік тәрбиелеудің инновациялық үлгісі.

ҚР қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық үлгісін жүзеге асырудың негізгі механизмдері мен педагогикалық шарттары.

Бірінші кезеңде ҚБ жүйесінде әлеуметтік тәрбие беру инновацияларының әдістемелік бағыттары мен инновациялық үдерістері анықталып, Қазақстан Республикасы қосымша білім беру жүйесі әлеуметтік тәрбие беруде «инновация» және «инновациялық үдерістер» ұғымдарына айқын мінездеме берілген. Қазақстан Республикасы балаларға қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбие беру инновациялық үдерістерінің болмысы мен мәні анықталған;

Екінші кезеңде қосымша білім беру жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие беру әлемдік үрдісі айқындалып, ҚР қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбие беру инновациялық үдерістерінің шынайы жағдайына мінездеме беріліп, ҚР қосымша білім беру жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие беру инновациялық үлгісі өңделді;

Үшінші кезеңде ҚР қосымша білім беру жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық үлгілерін жүзеге асырудың педагогикалық шарттары мен негізгі механизмдері негізделген.

Әдістемелік ұсыныстардың мақсаты: ҚР қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбие беру инновациясы мен инновациялық үдерістерін теориялық-әдістемелік негіздеу.

Шарттары:

1) ҚБ жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие беру инновациясы мен инновациялық үдерістерінің теориялық-әдістемелік негізделуін анықтау;

2) қосымша білім беру жүйесінің әлеуметтік тәрбие берудегі «инновация» және «инновациялық үдерістер» ұғымдарына айқын мінездеме беру;

3) Қазақстан Республикасы балаларға қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбие беру инновациялық үдерістерінің болмысы мен мәнін анықтау;

4) балаларға қосымша білім беру жүйесінде құқықтық-нормативтік қамтылған әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық контекстін айқындау;

Осы қойылған шарттардың шешілуі Қазақстан Республикасы қосымша білім беру жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық үлгілерін әзірлеу мәселесінің шешілуіне жол ашады.

1 ҚР қосымша білім беру ұйымдары жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің теориялық-әдістемелік жаңа негіздері

1.1 Қосымша білім беру ұйымдары жүйесінде әлеуметтік тәрбие беру жаңа үдерістерінің теориялық-әдістемелік бағдарлары

XXI ғасырдағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық қарқыны, олардың күрделілігі және қайшылықтылығы - ұлтымыздың болашағы – балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік тәрбие беру, оқыту және дамыту мәселелерінің маңыздылығының артуын ескереді. Мемлекетіміздің даму бағыттары мен ұстанымын, оның әлемдік өркениеттегі келешегі мен орнын анықтау еліміздің тек осы санатының алдында тұр.

Осы шарттар бойынша, педагогикалық теория мен тәжірибе алдында нақты білім, қабілет, дағдылар мен тек бүгінгі күні жеткіліксіз қасиеттерді дамыту ғана емес, ең алдымен, адам мен қоғамның жалпы «азғындау» (Е.Н.Кулюткин) қауіпін тоқтатуға шамалы жас ұрпақтың жеке тұлғасын дамытуға, құзыретті білім және тәрбие беруге бағытталған жаңа білім беру философияларын, жаңа білім беру қызметтері түрлерін және жаңа білім беру технологияларын табу көкейкесті мәселесі тұр. Осының барлығы бар әлеуметтік институттар жұмысының жаңа технологияларын қажет етеді.

Мұнда аталған «бейресми» білім берудің, көптеген әлеуметтік мәселелерді оперативті шешуге мүмкіншілік туғызатын, түрлі түрлеріне ерекше роль берілген. Бүгінгі күні: оқушыларға әлеуметтік тәрбие берудің нашарлығы олардың әлеуметтену дәрежесінің төмендеуіне әкелетіні жалпыға мәлім. Оқушыларды әлеуметтендіру зерттеушілерінің қорытындысы бойынша мектеп жасөспірімдерін әлеуметтендіру мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып табылады. Мұндай бекімнің негізі болып, істің барысы бойынша анықталған және дисфункциялық сипат тасушы көптеген бұзушылық табылады. Сондықтан қоғамда, әсіресе жастар арасында, маскүнемдік, нашакорлық, жезөкшелік, өз-өзіне қол жұмсаушылық, АҚТ және ЖҚТБ жұқпалы аурулы; қылмыстылықтың жаңаруы, қылмыс мотивінің өзгеруі байқалып, олардың себебінің жүйенің құлауына жылжытылуы, және де, ең алдыменен, моральдық құндылықтардың орнына бірінші пайдакүнемдік, оңай олжаны аңсау; жасөспірімдердің

жүйкеқоздырмалы заттардың әсерінен күйзелісте жасаған кездейсоқ қылмыстарының көбеюі; бейәлеуметтік өмір салтын жүргізуші жасөспірімдер санының артуы (оқымайды, жұмыс істемейді, қаңғыбастық) және т.б. шығуы болып табылады.

Бүгінгі күні оқушы жастарға әлеуметтік тәрбие беруде балаларға қосымша білім беру жүйесінің атқаратын рөлі зор. Дегенмен, қосымша білім беру жүйесінің кейбір педагог қызметкерлеріне Қазақстандағы білім парадигмасының біліми-орталықшылдықтан құзыреттілікке (тәжірибелі-бағытталған) алмасуы беймәлім.

Бұл тәсіл, мәлімет бойынша, оқушылардың пәндік, тұтқалы, негізгі, пәнүстемдік құзыреттіліктерін (басқару, ақпараттық, коммуникативтік, жеке тұлғалық, әлеуми-саяси (азаматтық) технологиялық, және сонымен қатар мәселелерді шешуге байланысты құзыреттіліктер және т.б.) дамытуға бағытталған.

Кей педагог қызметкерлердің кәсіби (қызметінің) дайындығын қамтитын әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, гуманистік деңгейінің төмендігі, жалпы орта білім берудің 12-жылдық білім беру жүйесіне көшуі, барлық жастағы оқушыларды профильдеу және профильдік оқытудағы маңызды бөлімі, қосымша білім беру жүйесінің рөлін күшейтетінінен беймәлім екендігі айқын. Кез келген жаңалықты жүзеге асыру жетістігі қосымша білім беру саласындағы педагог қызметкерлердің сана-сезімінің, жаңартпашылық деңгейінің: жоғары интеллектуалдық потенциал, ақиқатқа сыншыл көз-қарас, белгілі мөрден бас тарту, оқушының жеке тұлғасын тәрбиелеу және дамыту, оқыту стереотиптері, ескілікті уақытылы жоя білу қабілеті, педагогикалық қолайсыз, жаңа енгізілімдерге деген зерттеушілік қызығушылық, заңды күші бар нормативтер шегіне шығу, өз тәжірибесіне мән беруге ұмтылу, қызмет түрлері арасындағы қайшылықтарды жөнү және т.с. секілді едәуір өзгерістерімен тығыз байланыста.

Қосымша білім беруді негізгі білім берудің тек әлеуметтік-экономикалық және оқу-технологиялық қажеттіліктерін ескере отырып, компенсаторлық және бейімделушілік міндеттерін күшейтуге бағытталған механикалық құрғысы ретінде қарастыру жөн емес. Қосымша білім беру жүйесі тұлғаның жеке қабілеттерін, мотивтерін, қызығушылықтарын, құндылық бағыттарын ескере отырып дамытудың маңызды шарты болып табылады. Соңғы он жылдықта балаларға қосымша білім беру саласында бір қатар зерттеулер жүргізілді. Ерекше маңызды ережелер Андрейченко А.Г., Белова В.В., Березина В.А., Бруднов А.К., Евладова Е.Б., Комаров В.В., Попова Г.Н., Руднева Т.И., Фуникова Н.И., Щетинская А.И. және т.б. жұмыстарында ұсынылды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, этникалық сана-сезімді қалыптастыру, экологиялық мәдениет, адамгершілік тәрбие, экологиялық-биологиялық қосымша білім беру, балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі дене шынықтыру-

сауықтандыру және спорттық - көпшілік жұмысы, балалар туризмі мен өлкетануды дамыту және т.б. сұрақтары қарастырылды.

Қазақстан Республикасындағы қосымша білім беруді қалыптастыру және дамыту мәселелеріне Дорожкина Л.А., Жамадилов Н.Д., Загайнова В.И., Курсабаев М.К., Макатова Ж.А., Омар Е.О., Таюпова Э.К. және т.б. жұмыстары арналған.

Жалпы алғанда, білім берудегі инновация мәселелерін, ең алдымен, педагог және социолог қызметкерлері қарастыра бастады. Педагог қызметкерлерді дайындау әдістерін, мектептердің инновациялық қызметін жетілдірудің негізгі сындары Амонашвили Ш.А., Бабанский Ю.К., Бестужев-Лада И.В. жұмыстарында дайындалған. Сонымен қатар, қазіргі Қазақстанның талабы бойынша әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық үдерістері және осы бағыттағы қосымша білім беру ұйымдарының инновациялық қызметі анық зерттелмеген.

Әдістемелік тәрбие беру негіздері - өзекті тәрбие беру мәселелерін шешу стратегиясын, оның ішінде әлеуметтік тәрбие беру мәселесін, тек педагогикалық аспект тұрғысынан емес, сонымен қатар, олардың кең философиялық контекстте қарастырылуын анықтайтын ғылыми әдіс.

Қазіргі заман педагогикасында аксиологиялық, қызметтік, тұлғалық, жүйелік, тұтастық ғылыми тәсілдеріне ерекше мән беріледі.

Әлеуметтік тәрбие берудегі аксиологиялық тәсілі, аксиология (грек тілінен ауд. ахиа – құндылық және logos – ілім) – құндылық туралы философиялық ілім, дүние болмысы мен оның құрамындағы орны–жетілуші тұлғаны құндылық әлеміне енгізу және құндылық бейімделудің тұлғалық-мәнді жүйесін тандауда көмек көрсету, тәрбие берудің әдістемелік негізі болып қарастырылуы мүмкін.

Жалпы алғанда, аксиологияның негізгі категориясы – «құндылықтар» - адам мен қоғамға деген жағымды және жағымсыз маңыздылығын айқындаушы, күшіне қарай құндылықты жағымды маңызды ерекшеліктерге, жаңалықтарға, құбылыстарға қатысты қоршаған ортаның арнайы әлеуметтік объектілерінің анықтамасы ретінде қабылданады. Адам құндылық бағыттарының арқасында өз өмірін мәнді қылып: а) өзінің өмірге не беретінін (өмірлік құндылықтары); б) өзінің өмірден не алатынын (қобалжу құндылықтары); в) өзі өзгерте алмайтын тағдырының септігі неде екенін (қарым-қатынас құндылықтары) анықтайды.

Сондықтан, жалпы алған күйде, бағыт алу құндылықтарын игеру процесі - өз-өзін тану, өз-өзін бағалау, өз-өзін дамыту құндылықтарына лайық, өз қозғалысының анық траекториясын құрушы тұлғаның ұлғаюшы өмірлік кеңістігі ретінде көрсетілуі мүмкін, әрі осының нәтижесінде, қазіргі тәрбие берудің мақсаты - жаңа әлеумет құруға және сонда тұруға қабілетті адамдарды қалыптастыру, еңбеккер және азаматтық қоғамдық функцияларын атқаруға дайын адамды қалыптастыру болып табылады.

Аксиологиялық тәсіл балаларға қосымша білім беру жүйесі сүйенетін құндылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Балаларға қосымша білім беру тұлғаның өз өмірінің мәні, мақсаты және ресурстары арқылы өзінің қоғамдағы орнын анықтау құндылығы ретінде қарастырылады. Балаларға қосымша білім беру мазмұны негізінде тұлғаның тәртіби принциптері мен адамгершілік қағидаларын анықтайтын өмірдің басты себептері мен өмірлік мақсаттардың стратегиялық міндеттерін орындайтын құндылықтар иерархиясы көрсетілген.

Әлеуметтік тәрбие берудегі әрекетшілдік тәсіл адамдардың қоршаған шынайылықты өзгерту әрекетінің тұлға дамуының (Выготский Л.С., Гальперин П.Я., Давыдов В.В., Леонтьев А.Н., Рубинштейн С.Л., Талызина Н.Ф. и др.) негізі, шешуші шарты мен амалы болып қызмет етеді. Сондықтан тәрбиеленушілерді бағынышсыз тұрмысқа дайындау үшін оларды мүмкіншілікке қарай түрлі әлеуметтік және адамгершілік маңызды әрекеттерге қатыстыру қажет.

Тұлғаның қызметте көрініп, қалыптасатынын мойындау тәрбие берудегі әрекеттік тәсілді жүзеге асыру емес. Ол баланың өз-өзін тану, еңбек және тілдесу субъектісіне алмасу әрекетінің қалыптасуында арнайы жұмысты талап етеді. Мұндағы негізгі мақсат тұлғаны іс-әрекет арқылы белсенді жетілдірудің жолдарын қамтитын іс-әрекеттің оқу-танымдық және әлеуми-мәнді даму мүмкіншіліктерін толық қолдану болып табылады. Бұл, өз ретінде, педагогтардың тәрбиеленушілерді іс-әрекетті мақсатты тұжырымдауға және жоспарлауға, оны ұйымдастыруға және қадағалауға, бақылауға, өз-өзін талдауға және іс-әрекеттің нәтижелерін бағалауға үйретуін талап етеді.

Іс-әрекет тәсілі қосымша білім беруде педагогтар мен тәрбиеленушілердің болмыстық, белсенді заттық іс-әрекеті арқылы әр индивидтің шығармашылық күшін, қоршаған ортамен байланысын, әлеуметтік тәртіп тәжірибесін қалыптастыруын, қоғам қарым-қатынас жүйесіне ойдағыдай енуін дамыту үшін қажет ұжымшыл шығармашылық іс-әрекетінің түрлі түрлеріне арналған біліми кеңістік ретінде қарастыруды болжайды.

Әлеуметтік тәрбие берудегі жеке бас тәсілі Ананьев Б.Г., Абульханова-Славская К.А., Выготский Л.С., Леонтьев А.Н., Петровский А.В., Рубинштейн С.Л. және т.б. еңбектерінен алынған ережелерге негізделген. Олардың зерттеу жұмыстарында тұлға өзіндік қалыптасуы мен дамуының белсенді субъектісі ретінде қаралады.

Гуманистік, жеке-бағыттаушы тәсіл білім процесінің тұлғаның қызығушылығына тәуелділігін, баланың индивидуалдық білім «траекториясының» қамтамасыз етілуін, оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда ықпал етуші ересек адам мен баланың ынтымақтастылығын болжайды.

Қосымша білім беру ұйымдарындағы тәрбие үдерісіндегі жеке тұлғалық тәсілді жүзеге асыру келесі шарттардың ескерілуін ұйғарады:

1) Тәрбие үдерісінің ортасында тәрбиеленушінің жеке тұлғасы тұрады, яғни тәрбие процесі мақсаттары, мазмұны мен ұйымдастыру түрлері бойынша антропоцентризм болып табылады;

2) Тәрбие үдерісін ұйымдастыру, оған қатысушылардың, яғни педагог қызметкері мен тәрбиеленуші арасындағы диалог негізінде жүзеге асырылатын түсінушілік пен тең құқылы ынтымақтастықты білдіретін субъект-субъектілі қарым-қатынасына негізделеді;

3) Тәрбие үдерісі тәрбиеленушінің тәрбие талаптарын шешуге қатысуын жобалайды;

4) Тәрбие үдерісі әр тұлғаның әлемді жеке қабылдай білу мүмкіншілігін қамтамасыз етіп, оны шығармашылық түрлендіру, қоршаған шынайылық оқиғаларды, құбылыстарды, деректерді бағалауын және талдай білу, жеке маңызды құндылықтары мен ішкі мақсаттары негізінде субъектілі тәжірибесін кең қолдана білуді қамтамасыз етеді.

5) Педагог қызметкердің мақсаты фасилитацияға жүктеледі, яғни ынталандыру, қолдау, тұлғаны дамытудың ішкі резервтерін активтендіру.

Біздің зерттеу жұмысымызда «жүйе» ұғымы, біртұтас барлық элементтердің нәтижелі жұмысын көздейтін үйлесімді тұлғаны жетілдіру, жүйелі тәсіл негізінде жатыр. Педагогикалық әдебиеттің теориялық-әдістемелік анализі кез келген педагогикалық жүйенің негізгі компоненттерін анықтауға мүмкіндік береді:

- 1) педагогикалық қызметтің мақсаттары мен шарттары;
- 2) субъект-объект рөлдеріндегі тәрбиеленушілер;
- 3) педагогикалық процеске қатысушы педагог қызметкерлері және т.б.;
- 4) педагогикалық процесс мазмұны;
- 5) педагогикалық технологиялар;
- 6) педагогикалық қызметтің нәтижелері.

Жүйелі тәсіл балаларға қосымша білім беру ұғымын біліми орта мен әлеуми-мәдениеттік кеңістікте жүзеге асырылатын күрделі көп функциялы, түрлі және көп деңгейлі ашық типті әлеуметтік-педагогикалық жүйе екендігін түсіндіреді. Жалпы қисынға сәйкес қосымша білім беруді жүйе ретінде дамытудың мақсатты, мазмұнды, операциялық, нәтижелі-бағалау блоктары анық.

Әлеуметтік тәрбие берудің жүйелі тәсілінің құндылығы келесі заңдылықтарды ескеру мүмкіндігін қамтитын: тәрбие үдерісінің нәтижелілігіне ықпал етуші факторлар бір-бірімен тығыз байланыста және анықталған, не арнайы жасалған талаптарға сәйкес туындайды. Бұл тәрбие үдерісінің жүзеге асырылу нәтижелерін және сипатын алдын ала білу, оны ұйымдастыру және өткізу шараларының оптималды жолдары мен амалдарын табу мүмкіндігін береді.

Әлеуметтік тәрбие берудегі тұтастық тәсіл тұлғаның Макаренко А.С. сөзі бойынша «бөліктерге бөлінбейтінін» анықтайды. Білім беру процесінің тұтастығы тұлғаның табиғи тұтастығына жүктелген. Адамға

қатысты бұл тәсіл оның жалпы бір-бірімен байланысына, адам мен табиғаттың, адам мен әлемнің, адам мен Универсумның теңдігіне қатысты қарастырады. Бердяев Н.А. айтуы бойынша адам «микрокосм» болып анықталады. Бірақ, адамның жеке тұлғасының ерекшеліктері бірден дайын бола қалмайды, ал әлеуметтік тәжірибе жинау барысында қалыптасады және дамиды. Бұған жету үшін тәрбие үдерісінде өзінің құрылымы, міндеттері және ішкі құрылысы бар күрделі психикалық жүйе ретінде жеке тұлғаның өзі тұтас қабылдануы тиіс. Тұтастық тәсіл тәрбие үдерісін ұйымдастыруда тұлғаның басты негіздері деп аталатын интегративті (тұтас) сипатқа сүйенулерін талап етеді. Бұл басты негіздер тұлғаның өмірлік тәжірибесін бірте-бірте жалпылау барысында қалыптасып, адам болмысының басты үш саласы: іс-әрекетін, сана-сезімін және өзіндік жеке қарым-қатынасын қамтиды. Тұлғаның барлық басты негіздері бір-бірімен тығыз байланыста және әрекеттес.

Сол себептен, тұтастық тәсіл тәрбие процесінде жетілуші тұлғаның жүйе құрастырушы байланыстарын анықтауға; бастапқы, не кейінгі рөлде тұрған тұрақты, не құбылмалы құбылысты зерттеуге және қалыптастыруға бағыттайды. Тұтастық тәсіл тұлғаның бір тұтас дамуының жеке құрамдастарының (үдерістерінің) анықталуын болжайды.

XX ғасырдың соңғы 10-жылдығы мен XXI ғасырдың басындағы әлеуметтік өзгерістердің болмысы жаһандану үдерісімен теңдес. Ол объективтік табиғи-тарихи сипат білдіріп, бір жағынан, постиндустриялық батыс мемлекеттерінің прогрессивтік дамуы болса, екінші жағынан – толық модернизацияланбаған мемлекеттерді, соның ішінде бұрынғы социалистік мемлекеттерді дамытудағы терең трансформациялық өзгерістер.

Жаһандану процесін сүйреуші интеграция тенденциясының күшеюі, әлеуметтік тәрбие беру саласында ұлттық мәдениетті сақтау мәселесін өзектендіріп, халықтың мәдени бірегейлікті сақтау дәстүрін қолдауды және сонымен қатар, зерттеу жұмысындағы этномәдени тәсілдің қолданылуын шарттайтын басқа мәдениеттерге деген шыдамдылық, олардың тең құндылығы және тең құқылығын мойындау сезімдерін тәрбиелеуге бағыттайды.

Этномәдени тәсіл әр баланың өз мәдениетінің бірегей өкілі екендігін мойындауын талап етеді. Сондықтан қосымша білім берудегі тәрбиелік-біліми саласы ұлттық дәстүрлер мен идеалдардың есебімен құрылып, этникалық, ұлттық сана-сезім және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуге бағытталуы керек.

Қазіргі Қазақстан – полиэтникалық мемлекет. Балаларға қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбие берудің жаңа сапасын орнату полимәдени тәсіл шеңберінде ғана мүмкін.

Полимәдени тәсіл этникалық дәстүр негізінде өз-өзін этномәдени және азаматтық анықтау, қазақстандық және әлемдік мәдениет құндылықтарын, басқа халықтар мәдениетін қабылдауға қабілетті қазіргі

заман тұлғасын қалыптастыруға, мәдениетаралық, толеранттық өзаралық қатынасты жүзеге асыруға бағыттайды.

Қазіргі кезде негізгі ресурсы мобильді және жоғары дәрежелі адамдар қоры болып табылатын жаңа экономиканы дамыту талабы бойынша Қазақстанда жаңа жүйелі білім беру қалыптастырылып жатыр. Білім берудің басты нәтижесі ретінде, мектеп бітірген жастардың өз саулығына және қоғам саулығына деген жеке жауапкершілік алуына дайындығы мен қабілеттілігі қарастырылады.

Білім берудің маңызды мақсаттары - оқушылардың қимылдауға қабілетті, табысты, кәсіби универсализм, қызмет салаларын ауыстыруға қабілетті, жеткілікті жоғары дәрежеде қызмет ету жолдары болуы тиіс. Мобильділік, батылдылық, жауапкершілік, белгісіз жағдайда туындаған білімді игеріп, қолдана білу қабілеті, басқа адамдармен қарым-қатынасты орната білу қабілеті сияқты тұлғаның жеке қасиеттері талап етіледі.

Білім беру ұйымының іс-әрекетінің басты нәтижесі білім, іскерлік және дағдылар жүйесі емес, адамның шынайы өмірлік жағдайда қимылдай білу қабілеті, яғни анықталған құзыреттіліктер болуы тиіс. Құзыреттілік тәсіл тұрғысынан тұлғаның білімділік дәрежесі игерген білімі бойынша күрделі мәселелерді шешу қабілеттілігімен анықталады.

Құзыреттілік тәсіл білімнің маңыздылығын жоққа шығармайды, тек алынған білімді қолдану қабілетіне ерекше көңіл бөледі. Білімнің «ақырғы» нәтижелері ретінде белгілі тұлғалық қасиеттерді дамыту, ең алдымен, адамгершілік, құндылық жүйесін дамыту қаралады. Қазіргі мектеп оқушылар тұлғасының қандай қасиеттерін, қандай құндылық бағыттарын қалыптастыру қажет түрлі көзқарастар болуы мүмкін, бірақ бұл ерекшеліктер білімнің мақсаттарының анықтамасын беру тәсілдерімен тығыз байланыста емес. Бұл тәсілдердің ерекшеліктері оқушылардың тұлғалық қасиеттері мен құндылық бағыттарын қалыптастыру жолдары туралы түсініктерінің ерекшеліктерімен байланысты. Мақсаттарды анықтаудың дәстүрлі тәсілі бойынша тұлғалық нәтижелер қажетті білімді алу арқылы игерілуі мүмкін. Келесі жағдайда, негізгі жол ретінде мәселелерді жеке шеше білу тәжірибесін алу қаралады.

Бірінші жағдайда мәселенің шешілуі білімді бекіту тәсілі, екіншіде – білім қызметінің мәні ретінде қаралады.

Құзыреттілік тәсіл тұрғысынан білім қызметінің мақсаты мен тікелей негізгі нәтижесі - тұтқалы құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.[3, 4].

Дегенмен, бұл мақсат тек оқу пәндерін зерттеу арқылы ғана емес, сонымен қатар жалпы мектеп өмірін ұйымдастыру «арқылы», оның мектеп оқушылары өмірінің басқа да маңыздылықтары «арқылы» жүзеге асырылады. Бұл көзқарас бойынша, білім үдерісі оқу процесіне тең емес. Білім үдерісі оқу үдерісін де, балаларға қосымша білім беруді де, олардың әлеуметтік-шығармашылық іс-әрекетін де, күнделікті мектеп өміріндегі тәжірибесін де қамтиды.

Тұлғаны дамытудың дәстүрлі әлеуметтік-педагогикалық үлгілері сырттан берілген үлгілер мен нормативтер түрінде сипатталған. Білімнің жеке бағыттаушы парадигмасы педагог қызметкерлерді тұлғаның индивидуалдық артықшылығын, өзіндік ерекшелігін, өз-өзін бағалауына бағыттайды. Гуманистік педагогика мәнмәтінінде қазіргі кезде педагогикалық демеудің теориясы мен тәжірибесіне жұмыс жүргізілуде. Бірқатар авторлар (Бондаревская Е.В., Мудрик А.В., Новикова Л.И., және т.б.) демеуді педагогикалық қызметтегі оқытушылар мен оқушылардың әрекеттесуінің гуманистік тәсілін жүзеге асырудағы принципі деп анықтайды. Қосымша білім беруде педагогикалық демеу әдістемесі индивидуалды-бағыттаушы демеу көрсету, балалардың өзіндік дамуына көмек, өмірдің мәнін анықтауға ізденіс, әлеуметтік шынайылықта өзіндік ұстанымдарын бекіту жолдарына септеледі. Баланың әлеуеті мен жеке мүмкіншіліктерін анықтау үшін білімі орта құру, оның түрлі іс-шараларға қатысуына мүмкіндік туғызу, қызметтің кәсіби-мәнді тәсілдерін жинау - қосымша білім беруде - балаларға индивидуалды-бағыттаушы көмек, қолдау көрсетуді ұйымдастыруды болжайды.

Қосымша білім беру жүйесінде оқушыларды әлеуметтендіру инновацияларын қолдану әдістемесіне қатысты келесі ережелер:

бәсекеге қабілетті табысты тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту парадигмасы есебінде қосымша білім беру ұйымдарында құзыретті білімнің қалыптасу мәнмәтінін әлеуметтік құндылықтарға қосу үдерісі ретінде баланың әлеуметтенуін қамтамасыз етуші ғылыми негіздерді дайындау және тіркеу;

әлеуметтендіруші және қалыптастырушы кеңістікті құру;

қосымша білім беру педагог қызметкерлерінің қосымша білім беруде оқыту мен тәрбие берудің жеке-бағыттаушы тәсілін қамтамасыз ететін әдістеме принциптері мен педагогикалық үдерісті инновациялық ұйымдастыру заңдылықтарын меңгеруі;

қосымша білім берудегі педагог қызметкердің инновациялық мәдениетінің қалыптасуын қамтитын қалыптасқан педагогикалық шеберлігі

тәрбиеленушілердің әлеуметтік және интеллектуалдық жалпы-оқу қабілеттері мен дағдыларын қосымша білім беру бағыттары мен ерекшелігіне сай меңгеруін көздеу;

салыстырмалы аспектіде анықталған сабақ мазмұнының ақпараттық-білімі үлгілерін «шығу» және «кіру» көрсеткіштерімен қою және оқытудың әр деңгейінде педагог қызметкер мен оқушының жетістіктері портфолиосын енгізу арқылы тәрбиеленушілердің құзыретін шоғырластыра ұлғайту;

мектеп оқушысының жеке тұлғасын тәрбиелеу әсерін ұйымдастырудың жүйелік, синергетикалық, іс-әрекеттік, субъекттік, аксиологиялық, әлеуми-мәдени, құзыреттілік, мәдениеттанушылық, кешендік, этномәдени, полимәдени тәсілдерге сүйенуі.

Әлеуметтік тәрбие беру инновациясының іргелі негіздерінің бірі болып табылатын *субъекттік тәсілдің* негізгі ережелерін ерекшелейтін болсақ, оның негізін жаңа түсіндірмелі жүйе құрап: «субъект», «субъекттік», «субъективтік», «субъектогенез», субъекттік шынайылықтың феноменологиясын зерттеуге бағыттайды. «Субъект» ұғымы бізбен тұлғаның қасиеті, өздігінен бөліну үдерісін қамтамасыз ететін жоғары дәрежелі интеграцияның құрылуы ретінде қарастырылады. «Субъект» ұғымы, ескере кетсек, жетілуші адамды өз ықыласының қозғаушысы ретінде анықтайды. **Субъект дегеніміз** - жалпылама, адамның кеңейтілген ұғымы, жалпы ашылған үзілмей дамушы бірлігі, оның барлық қасиеттерінің біртұтастығы: табиғи, әлеуми, қоғам және т.б.

Қосымша білім дегеніміз – педагогикалық жүйе, педагог қызметкерлер мен оқушылардың қарым-қатынасы үдерісі. Сондықтан, қосымша білім процесінің негізіне біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы енгізілуі қажет. **Біртұтас педагогикалық үдеріс теориясының** негізгі ережелері, қосымша білім беру барысында әлеуметтік тәрбие беруді ұйымдастыруды қамтитын әдістемелік мән –индивидтің алдыңғы ұрпақтардың әлеуми тәжірибесін меңгеруінде жатқан оқу және оқудан тыс уақыттың бірлігі. Педагог қызметкерлер тұлға болуы олардың белсенді-түрлендіруші іс-әрекеті дәрежесіне байланысты әлеуми тәжірибе мазмұны мен оқушылар арасындағы дәнекер болып табылады. Педагогикалық процесте мұғалімнің басқару объектісі оқушылардың іс-әрекеті болып табылады. Ал педагогикалық үдерісте мұғалімнің басқару заты – субъект іс-әрекеті арасындағы қатынас, субъектілердің қарым-қатынасы - олардың даму шарты болып табылады [5].

Андрюхина Л.М., Асмолов А.Г., Березина В.А., Лебедев О.Е. және т.б. ғалымдардың [6,7] зерттеу жұмыстарының нәтижесі балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы білім үдерісін құру қағидаттарын анықтауға мүмкіншілік туғызады:

гуманизм қағидаты – ортақ мәдени адам абыройының құндылығын, тарихи құндылықтарға көңіл бөлінуін, олардың өнер, ғылым, мәдениетті дамытудағы маңыздылығын нығайту;

детоцентризм қағидаты – бала қызығушылығының басымдылығы, білім процесінде оның теңқұқылы субъектіге айналуы;

демократизм қағидаты – әр баланың өз даму траекториясын таңдау құқығы;

мәдени сәйкестілік қағидаты – қоғам талабы мен тәрбиеленуші тұлғаға, адам бірлігі мен әлеуми-мәдени ортаға сүйемелдеу, балаларды қазіргі заманауи қоғам талабына бейімдеу;

табиғи сәйкестілік қағидаты – түрлі іс-әрекетке қатысушы оқушылардың жас және индивидуалдық ерекшеліктерін, нышандарын, мүмкіншіліктерін ескеру;

білімнің дифференциациялау және индивидуализациялау қағидаты – түрлі іс-әрекет бағытында бейімділік пен қабілеттілікті анықтау және

дамыту, балаларды жеке мүмкіншіліктері мен қызығушылықтарына сай дамытуды қамтамасыз ету;

шығармашылық қағидаты – балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;

жүйелілік қағидаты – білімнің бірізділігі;

ынтымақтастық қағидаты – балалар мен ересектердің бірегей іс-әрекетінің құндылығын мойындау.

Кең вариациялылықты қамтамасыз ету аспекісінде әлеуметтік тәрбие беруді ұйымдастырудың инновациялық қағидаттары болып, ең алдымен, келесілер анықталған:

оқушылардың жеке тұлғалық және интеллектуалдық дамуында позитивтік динамиканы қамтамасыз ететін түрлі біліми және әлеуметтік сүйендіру бағыттарын жүзеге асыру; олардың жүзеге асуына жағдай жасау;

тура және біріктірілген оқу-тәрбие жоспарлары мен бағдарламаларының болуы;

тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз ететін, жаңа жағдайда активті әлеуметтік бейімделуге, үнемі өз-өзін жетілдіруге, өз ойын жүзеге асыруға, өз-өзін тәрбиелеуге қабілетті тәрбиеленушінің индивидуалдығын дамыту;

диагностикалық әдістемелерді құру, педагог қызметкерлер мен оқушыларды түрлі біліми және әлеуметтік сүйендіру бағыттарын жүзеге асыру негізінде психологиялық-педагогикалық жетелеу, оларды жүзеге асыру нәтижелілік көрсеткіштерін дайындау;

позитивті даму динамикасын қамтамасыз ету мақсатымен оқу және тәрбиенің барлық қатысушыларының әрекеттесуін ұйымдастыру;

әлеуметтік бағытталған түрлі біліми траекторияларды табысты жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық, ғылыми-әдістемелік, кадр жұмыстарына жағдай жасау және олардың түрлі жас аралығындағы оқушылармен адекватты таңдалуы;

түрлі топ оқушылары үшін түрлі біліми бағыттардың болуы: алдын ала даму екпіні, денсаулығы әлсіз оқушылар үшін; оқу мотивациясының деңгейі төмен, әрі оқуда қиыншылық тудыратын; түрлі арнайы қабілеттері бар дарындыларға арналған және олардың психологиялық-педагогикалық қамсыздандырылуы;

тәрбиеленушілердің жаһани ойлау қабілетін жандандырып, басқа тұлғалармен, ұжымдармен, халықтармен қауымдаса қимылдауы;

Басымды бағыттарға жатады:

сана-сезім белсенділігін қалыптастыру, сыни ойлау, қосымша білім беруді ұйымдастыруды дамыту ортасы қажет екендігіне еріксіз көндіру арқылы қазіргі заман тұлғасын қалыптастыруда және дамытуда түрлі жоспарлы ақпараттың терең ықпалын мойындау;

мәдени-этникалық, тұлғаны дамытудың адамгершілік векторын талап етіп, техногендіктен антропогендік өркениетке көшу қажеттілігін мойындау;

өткен дәуірдегі революциялық және эволюциялық өзгерістерге карағанда өркениет пен жеке адамның дамуының синергетикалық және инновациялық сипаты белгіленіп, оның үстіне жаңалықтар қоғам мен тұлға қажеттілігіне, ал өз-өзін ұйымдастыру – оның табыстылығының негізіне айналады.

Барлық аталып өткендер әлеуметтік тәрбие берудегі теориялық-әдістемелік екіпін тәрбиеленушінің инновациялық құндылықтарымен, зерттеушілік және жобалық іскерлігімен қаруланған, өз білімі және әлеуми-ақталған іс-әрекеті мен тәртібінің авторы позициясын қабылдауында болуы тиіс;

Яғни, инновациялық тұғырнамада әлеуметтік тәрбие беруді ұйымдастыру өзгерістерінің маңызды бағыттамалары болып, келесі шарттар мойындалады:

Қосымша білім беру мазмұны мен құрылысын әлеуми-мәдени молықтыру жүзеге асырылып, бұл ретте екіпін қоршаған ортадағы табиғи жағдайларда түрлі жоспар құзыреттілігін игеруге бағытталуы қажет.

Шынайылықты эмоциялық-эстетикалық қабылдауды қалыптастыру педагогикасы өзектелінеді. Этника, мәдени-бағдар, төзімділік, патриоттық сезім нығайтылады.

1.2 Қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбиенің «инновация» және «инновациялық үдерістер» ұғымдарының жалпы сипаттамасы

Әдістемелік нұсқаудың келесі шарты қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбиенің «инновация» және «инновациялық үдерістер» ұғымдарының жалпы сипаттамасын анықтау шарты болып табылады.

Қазіргі кезде адамның түрлі қызмет ету салаларында (өндірісте, кәсіпте, экономикада, білім беруде және т.б.) *"инновация"* (ағылш. innovation – жаңа енгізілім) ұғымының келесі анықтамалары қолданылады:

1) «... құрастырудағы, өндірудегі немесе тауарды өткізудегі кез келген жаңа тәсіл нәтижесінде инноватор бәсекелестерінің алдында басымдылыққа ие болады» (Оксфорд түсіндірмелі сөздігі, 1995);

2) «... қолданымға және нарыққа жіберілуге дайын, аяқталған тауар қалпы бар шығармашылық еңбек жемісі» (Кресс В.М., Грачев В.А., 1997);

3) «... оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелілігін және тиімділігін көтеруге ықпал тигізуші педагогикалық жүйе ішіндегі өзгерістер» (Подласый И.П., 2001).

«Инновация» ұғымымен қатар «жаңа енгізілім» (тура мағынада – «жаңалық енгізу», жаңалықты қолдану үдерісі) ұғымы қолданылады.

«Жаңа енгізілім» ұғымына келесі анықтамалар берілген:

1) прогрессиялық жаңалықты тиімді жүзеге асыруға бағытталған үдеріс, ақырғы нәтижеге бағытталған – адамның нақты қызметін қарқындындыру (Бестужев-Лада И.В., 1993);

2) пайдалы нәтиженің өсуін қамтамасыз етуші, және де ережеге сай, ғылым мен техниканы қолдануға негізделген қоғам қажеттіліктерін қанағаттандырудың жаңа тәсілі (Бовин А.А., Чередникова Л.Е., 2000).

Сөйтіп, инновациялар тек нәтиже ретінде ғана емес, үдеріс ретінде де қарастырылады. Соның өзінде нәтиже – қоғам қажеттіліктердің қанағатталуы – инновациялық үдерісті басқару мақсаты, ал үдеріс – басқару объекті ретінде қарастырылады. (Бовин А.А., Чередникова Л.Е., 2000).

Әлеуми-психологиялық аспектісінде инновация (жаңа енгізілім) – әлеуметтік тәжірибеде маңызды өзгерістер туғызатын түрлі жаңалықтарды шығару және тарату.

Жаңа енгізілім (инновация) – жаңа тәжірибелік құралдың, әдістің, тұғырнаманың және т.б. шығарылуы, таратылуы, енгізілуі және қолданылуының кешенді үдерісі – адам қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жаңалықтар.

Жаңалық – бұл нақты амал (жаңа әдіс, әдістеме, технология, оқу бағдарламасы және т.с.с.), яғни, оның көмегі арқылы жүйенің жаңа, инновациялық тұрғыға көшу құралы болса, инновация - сол амалдың меңгерілу үдерісі.

Инновация – жаңалық мазмұны мен ұйымдастыру бірлігі, ал жаңа енгізілім – тек жаңалықты ұйымдастыру.

Инновациялық үдерістер ретінде жаңалықтарды шығару, меңгеру, қолдану және тарату кешенді іс-әрекеттері түсіндіріледі.

Ұйымның жұмыс істеуінің дәстүрлі тұрақты тәртібіне қарағанда инновацияларды, жаңа енгізілімдерді, жаңалықтарды меңгеруді ізденуде қызмет етуші қосымша білім берудің дамушы жүйесінде, бірінші орынға әлеумет сұранысына жауапты, әлеуметтік ықпалдастықты құзыретті қолдауға және қамтамасыз етуге қабілетті, өз өмірінде, кәсібінде, отбасында, қоғамда, ұжымда, топта этикалық өлшенген шешімдер қабылдауға әзір қалыптасқан тұлға ретінде түсіндірілетін тәрбиелік нәтиже бағдары шығады.

Инновациялар қажеттілігі кей мәселені шешу қажеттігінен туындап, қалау мен шынайы нәтиже арасында қарама-қайшылық пайда болады.

Инновация, ғылым және алдыңғы педагогикалық тәжірибенің сендіруіне қарағанда, дамудың айқын циклын қамтиды: идеяның тууы – оның ұжыммен қабылдануы – мақсатты тұжырымдау – инновациялық идея жобасын дайындау (жаңа мазмұнды және жаңа технологияларды анықтау) – білім тәжірибесінде инновацияларды жүзеге асыру үдерісі – педагогикалық бақылау (мониторинг) – сапалы өзгерістер.

Жергілікті әлеуметтік облыстар адам өркениетінің жаһани әлеуми-мәдениеттік кеңістігіне бірте-бірте көбірек ықпалдаса бастаған, қазіргі әлемнің жаһандану процесін білдіретін қазіргі білім берудегі инновациялық үдерістер жаңа біліми парадигманың даму нәтижесі болып саналады. Қазіргі білім беру кеңістігіндегі ішкі жүйелері бір-біріне ашыла

бастаған жаңашылдық ошағы жаһани білім беру жүйесін дамыту факторы болып табылады. Инновациялық үдерістер, сол себепті, білім беру жүйесін дамытудың сипаттас ерекшелігіне айналады.

Тәрбие берудегі инновацияларды талдауда зерттеуші-мамандардың (Пригожин А.И., Шамова Т.И., Тюлю Г.М.) белгілеуі бойынша:

инновация әрдайым өзекті мәселенің жаңа шешімін қамтиды;

инновация түпкі нәтижеге нақты бағдары бар – оқушылар тұлғасын дамыту деңгейін сапалы өзгерту;

өзгертілім айғақ сипат тасып, педагог қызметкерлердің ойлау стилін, қызмет кейпіндегі өзгертілімдермен бірге жүреді;

инновацияны енгізу білім мекемесінің педагогикалық үдерісінің басқа құрамдастарының сапалы өзгеруіне әкеледі;

тәрбие саласындағы инновация педагогикалық кадрлардың жоғары кәсіпқорлығына, олардың инновациялық тәртіпте жұмыс істеуге дайындығына байланысты.

Инновациялық үдерістің маңызды шарты және педагог қызметкердің инновациялық іс-әрекетінің объективті қажеттіліктерінің, инновациялық үдерісінің айғақ сипаты шығармашылық болып табылады. Сондықтан да, біздің көзқарасымыз бойынша, инновациялық үдерістердің негізі мен мазмұны шығармашылық инновациялық іс-әрекет қамтитын дәстүрлі жүйеге жаңашылық енгізу, педагогикалық шығармашылықтың ең жоғарғы деңгейін қарастыратын педагогикалық үдерістің жаңартылу болмысында жатыр. Сонымен қатар, инновациялық процесті тасымалдаушы субъект, ең алдымен, педагог-жаңартушы болып саналады[8].

Инновациялық технологиялар – қазіргі әлеуми-мәдениеттік тұрғыда баланың жеке тұлғалық дамуының динамикалық өзгерістер есебінде позитивті нәтижелі жетістігіне бағытталған әдістер, тәсілдер, оқыту тәсілдері, тәрбие әдістерінің жүйесі. Педагогикалық инновациялар тәрбие мен оқыту үдерістерін не өзгерте, не жетілдіре алады. Инновациялық технологиялар озық креативтік технологияларды және педагогикалық қызмет үдерісінде өзінің нәтижелілігін көрсеткен білім берудің стереотипті элементтерін қамтиды.

Жеке алынған педагогикалық технологиялар, оның ішінде әлеуметтік-тәрбиелік, инновациялық контекстті есепке алмағанда дәстүрлі атқарушы қосымша білім беру ұйымына жақсы нәтижелер әкелуі мүмкін, бірақ инновациялық тәртіпте жұмыс істейтін ұйымдардың идеалды мақсаттарға жетуіне мұрша бермейді. Сондықтан инновациялар мен жаңалықтарды жай қолдану келесі бағыттар есебімен инновациялық сараптамаға тартылуы тиіс:

а) тәрбие берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру;

б) балаларды дамытудың жаңа тәрбие беру технологияларын, әдістемелерін, жүйесін дайындау және жүзеге асыру.

Әлеуметтік тәрбие беру әлемдік үрдістерінің анализі қазіргі даму кезеңінде әлемдік білім кеңістігінің жалпылығын куәландырады:

I үрдіс – әлемнің көптеген мемлекеттерінің барлығына арналған элиталық білімнен жоғары сапалы білімге жаппай көшуге бағыт алуы;

II үрдіс – білім саласындағы мемлекетаралық қарым-қатынасты нығайту;

III үрдіс – жаңа адами бағытталған ғылыми және оқу пәндерін енгізу есебінде әлемдік білім кеңістігінде жалпы гуманитарлық құрамның мәнді ұлғаюы.

IV үрдіс – мемлекеттер мен аймақтардың ұлттық сәйкестілігі мен қалыптасқан ұлттық дәстүрлерін сақтау арқылы елеулі жаңа енгізілімдерді тарату. Сондықтан да білім көпмәдениетті және адам мен өркениеттің жалпы дамуына әлеуми бағытталған, халықаралық білім ортасында қалыптасуға ашығырақ, адамды әлем құндылықтарына тарту және білім сипаты бойынша ұлтүстемді болады.

Жоғарыда көрсетілген әлемдік білім кеңістігі үрдістерін, және де әлемдік қоғамдастықта қосымша білім беруді дамытудың негізгі бағыттарын бағалау бұл салада келесі анықталған үрдістерді белгілеуімізге болады:

- 1) қосымша білім беру жүйесін демократияландыруға ұмтылу;
- 2) барлық қалаушыларға қосымша білім алу құқығын беру;
- 3) әлеуми-экономикалық факторлардың қосымша білім алуға едәуір әсер етуі;
- 4) қосымша білім беру жүйесінде оқушылардың қабілеттерін дамытуға, жан-жақты қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталған оқу-ұйымдастырушылық спектрін арттыру;
- 5) қосымша білім беру қызметтері нарығының өсуі;
- 6) қосымша білім беру бағдарламаларының үнемі жаңартылуы және түзетілуі;
- 7) дарынды балаларға деген үлкен қызығушылық, ашылу ерекшеліктері мен қосымша білім беру үдерісі және амалдары арқылы олардың қабілеттерін дамыту;
- 8) даму кемшіліктері бар балаларға, мүгедек балаларға арналған қосымша білім берудің жаңа ресурстарын іздеу және т.б.;

Осы ұстанымдарды есепке алу Қазақстан Республикасы қосымша білім беру жүйесіндегі әлеуметтік тәрбие берудің «инновация» және «инновациялық үдерістер» ұғымдарының мәнді сипатын анықтауға мүмкіндік берді.

Қосымша білім беруде әлеуметтік тәрбие беру инновациялары – балалар мен жасөспірімдер арасында болатын бейәлеуметтік құбылыстарды жоятын және тәрбиеленушілердің игі әлеуметтенуіне ықпал ететін жаңа мазмұнды және жаңа тәрбие әдістерін қолдануға негізделген әлеуми-педагогикалық жүйе. Қосымша білім беру жүйесі деңгейінде оларға әлеуметпен тұрақты, ұдайы байланыс орнату, психологиялық-педагогикалық қызмет, кеңес құру, патронат қызметінің, балалар мен ата-аналар клубы мен бірлестіктерінің іс-әрекеті, ашылған қосымша қызмет

жүйелері (мысалы, маркетинг), әлеуметтік жобаларға қатысу, әлеуми жақталатын әрекетті ынталандыру жүйесінің қызметі, қамқорлық кеңесінің үнемі қызметі жатады.

Тәрбие саласындағы инновация педагогикалық кадрлардың жоғары кәсіпқойлығына, олардың заман ағымымен қатар жұмыс істеуге дайындығына байланысты. Қосымша білім беру педагог қызметкері мен тәрбиеленушінің өзара әрекеті деңгейінде – екпін түрлі ортада мамандықпен, қоғаммен, түрлі жоспар және деңгей жобаларында топпен қатысу траекториясын өзі таңдауына жасалады.

Жеке портфолионы жүргізу жобаларда саналы жұмыс істеп, өз жетістіктері жайлы мәлімет алып отыруына көмектеседі.

Жұмыстың тек осындай тәртібі ғана мектеп оқушылары тұлғасының өз-өздерін анықтауын қамтамасыз етеді. Қосымша білім беру жүйесін жаңарту үдерісінде келесі мазмұнды блоктар ерекшеленеді.

1 блок. *Технологиялық инновациялар.* Инновациялық әлеуметтік тәрбие беруде қолданылатын технологиялардың негізгі типтері көрінеді: өз-өзін жетілдіру және өз-өзін анықтау (В.Селевко); коучинг негіздері (ағылшын әдебиеті); имиджелогия (В.Шепель) және т.б.

2 блок. *Экономикалық инновациялар.* Қосымша білім беру саласында жаңа экономикалық механизмдерді дайындауға бағытталған. Басымдылық – бизнестің корпоративті әрекеттесу басымдығын қолдану – өз саласына деген қызығушылықты дамыту үшін бизнес тапсырыс беретін және қолдайтын қосымша білім беру ұйымдары, ал қосымша білім беру бизнес тапсырысы бойынша жұмыс істеуге бағытталған.

3 блок. *Педагогикалық инновациялар.*

Тәрбие берудің жаңа тәсілдері мен әдістері: өз-өзін оқыту және өз-өзін тәрбиелеу; «біреуге-біреу» әдісі, немесе «шебер-шәкіртке»; тәрбиенің «көпшілік-көпшілікке» коммуникация негізінде.

Жаңа тәрбие ортасы: жаңа технология негізінде оқыту мазмұнын дамыту; әлеуметтік-тәрбие беру ортасының интерактивтілігін дамыту; тәрбие беру процесінде тәрбиеленуші белсенділігін ынталандыру; бейімделген, ыңғайлы тәрбие үдерісін ұйымдастыру.

Оқытушы жұмысының жаңа стилі: оқытудың коммуникативті әдістері; тьюторлық және супервайзерлік; әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық түрлері мен әдістерін дайындау; тәрбиеленушілерге инновациялық оқыту курстарын ұсыну, келтірілген құзыретті білімге арналған психологиялық-педагогикалық диагностиканы меңгеру; әдістемелік зертханаларда жұмыс істеу.

Педагогикалық жүйедегі құрылым өзгерістері. Оқытушы еңбегінің бөлінуі; параллельді – оқытушылар мен басқа да мамандардың оқу курстары мен тәрбие тренингтерді дайындау және ұсыну бойынша бір топқа бірігуі; тәрбие және оқыту қызметінің нәтижелілік үдерісі болып, осы мәліметтер негізі бойынша әлеуметтік-тәрбиелік үдерісті түзеу.

4 блок. *Ұйымдастырушылық инновациялар*. Жобалау әдістерін активтендіру және қосымша білім беру жүйесінің жаңа құрылымына құзыреттілік тәсілін нығайту. Қашықтық білім беруді, оның негізгі моделдерін енгізу.

Инновацияларды талқылау жаңа ұғымдар қатарына тіреледі.

Оқу-тәрбиелік кеңістік – субъекті түрлі ара-қатынастар мен байланыстар беріліп, түрлі жүйелердің (мемлекеттік, қоғамы, аралас) арнайы қызметі жүзеге асырылатын индивидті және оның әлеуметтенуін дамыту бойынша әлеуметте бар «орын». Сонымен қатар қалыптасуы әр адамның тәжірибесіне байланысты іште қалыптасатын индивидуалдық кеңістіктің де болуы мүмкін. Бұл тәсіл қосымша білім беруде жеке бағытталған құзыреттілік концепцияларын жобалауда өте маңызды.

Әлеуми-мәдениеттік орта – нақты, әр балаға берілген әлеуметтік кеңістік арқылы оның қоғамның мәдени байланыстарына белсенді қатысуы. Бұл - балалардың өмірдегі іс-әрекеттері микро- және макрошарттар жиынтығы және әлеуми (рөлдік) тәртіп, кездейсоқ байланыстар және басқа адамдармен іс-әрекеті, әлеуметтің өзара әрекеттесуге дайын бөлігі ретінде ұсынылған шынайы орта.

Оқу-мәдениеттік орта – әлеуметтік, мәдениеттік және оқу орталарының жиынтығы, білім беру кеңістігінің әлеуметтік-мәдениеттік жаңғырту механизмі, мәдениет феномені. Бұл өз алдына нақты мәдени тұрғыда тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау арқылы мәдениет пен білім «қабысатын» әлеуметтік зерттеу территориясы.

Инновациялық үдеріс енгізу және меңгеру қатері бар болжамды сипат тасығандықтан инновациялық жобаны міндетті сараптамалық кезеңімен айқындауға нұсқау берілді.

Оны бағалауда келесі ұстанымдарға көңіл аударылады:

- а) жобаның біртұтастығы (бағдарламалар, педагогикалық жүйелер);
- б) жобаны жүзеге асыруда қызметтің құрылымдық көрінісі, жүйелілігі, конструкциялық сипаты, технологиялығы;
- в) түрлі жағдайдағы қателіктер – әдістемелік, технологиялық, техникалық;
- г) жобаға, бағдарламаға қосымша енгізулер;
- д) қорытындылар мен нұсқаулар – жобадан бас тартпай тұрып кемшіліктерін түзеу.

Инновациялық үдерістер – қосымша білім беру ұйымдары ұжымының инновациялық қызметі мен инновациялық сана-сезімін, инновациялық тәртібін «іске қосу» үдерістері. Бұл инновациялық ортаны құру аспекті инновациялық басқарумен тығыз байланысты. Соның өзінде алға қызметтік контекстте жобалау шығады.

Жобалау – берілген функционалды және әлеуметтік-экономикалық сипаттар мен сапалардың нақты объекттерін құруды қамтамасыз ететін және жаңа кіріскен істі жүзеге асыру, орындау ниетін түсіндіретін қызметтің жан-жақты түрі. Тәрбие беру жүйелерін дамытуда болжамалы,

жобалау және басқару функциялары бір-бірімен тығыз байланыста. Соның өзінде, болжамалы, рискология, жобалау өскелең ұрпақты әлеуметтендіруде тәрбие берудің жаңа технологиялары мен инновацияларын қосуда жобаны әзірлеудің, негіздеудің, басқару шешімдерін қабылдау және жүзеге асырудың барлық кезеңдерін қамтулары тиіс. Инновациялық контекстте әлеуметтендірудің жаңа принциптерін іске асыруды ұйымдастырудан бұрын әлеуметтік тартымды және келісімді келбетті, ең бастысы – жауапкершілік, рухани-адамгершілік мінезді, патриот, ұлттық менталитеті сақталған, дербес тәрбиеленушінің ізгі бейнесін келтіре білу керек.

Мақсатқа жету траекторияларын құрғанда, оқушылармен жұмыс жасау міндеттері анықталып, тәрбие іс-шаралары, жұмыстары, жобалары жоспарланып, бір қалыпта жұмыс істеуге мүмкіндік туғызатын, өсу және күтілетін нәтижелерді және де қалыптасқан құзыреттіліктерді ескергенде – тек мектеп оқушысы ғана білуі тиіс және өмірде жүзеге асыруы тиіс.

Қосымша білім берудің әлеуми-тәрбиелік жүйелерін басқаруда жаңа функциялар арасында қазіргі инновациялық тенденцияларға сәйкес сындарға жауап беретіндер қатарына:

тәрбие жұмысы мақсатының айырықшалықтығын тіркеу (әлеуми ортамен ықпалдасу, қосымша білім беру ұйымдары ортасының әлеуми қажеттіліктерін тіркеу);

сәйкестендірілген іс-әрекет сипаты (әлеуми-бағытталған технологияларды қолдану);

мазмұн жүйелілігі (тәрбие жұмыстарының жалпылығы мен біртұтастығын қолдау);

тәрбие үдерісі құрылымының ерекшелігі (белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылған процесті тәрбие беру барабарлығы мен көпәспектті және көптүрлі үдерістің әлеуми ықпалдасу қалыптасулары)

Әлеуми-тәрбиелік үдеріске жобалаудың ықпалынан әлеуми басқару элементтері көріне бастайды. Бұл жағдайда, жобалау басқаруда мектеп оқушысының қажетті форматта қалыптасуын қамтамасыз ететін жүзеге асырылу және әлеуми жүйелер мен үдерістерді дамыту үдерісі ретінде қолданылады.

Жобалау әдістерін қолдану маңыздылығы әсіресе басқару жүйесінің инновациялық даму кезеңдерінде көрінеді. Тез, әрі нақты шешім талап ететін әлеуми-тәрбиелік үдерістің қарама-қайшылық және түрліжоспарлы жағдайының бір уақытта қабаттасуымен түсіндіріледі.

Қосымша білім беруді сақтау, жүзеге асыру және дамыту функциялары балансының қадағалануы үшін қосымша білім беру жүйесінің жұмысын инновациялық тәртіпте ұйымдастыруда, үдеріске барлық педагогикалық ұжымнан қатысушылар үлесі 25-30% болуы тиіс.

Инновациялық тәрбие түрлерін жобалау негізінің тәрбие бағытының дербестенуі әлеуметтік құндылықтарды жеке және ұжымдық меңгеру шартын барынша қамтамасыз ету болып табылады. Бұл тәрбие беру

жүйесінің жаңа сапасын білдіруге – қайта құрылған жүйе элементтері функциялары мен жүйелі ерекшеліктерін дәйекті түрде өзгертуге мүмкіндік береді. Оның үстіне тәрбие беру ортасының тіршілік іс-әрекеті түрлілікті, динамикалықты және ықтималдықты қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріледі.

Әлеуметтік тәрбие беру үдерісін инновациялық басқару моделін құрастырудың негізгі талаптарына жатады:

басқару циклының күрделі құрылымы элементтерінің алмасу жүйелілігі;

әр жүйелі түрде құрылатын конструкция басқару циклының бір бөлігіне ғана емес, толық сәйкес болуы тиіс;

тәрбиелік және басқару процесінде жаңа «үстелу» көлемі анық айқындалуы тиіс;

Басқарудың дәстүрлі және жобалы салыстырмасы келесіні көрсетеді. Дәстүрлі басқару стратегиясының жобаларды басқару стратегиясынан негізгі айырмашылықтары, біріншіден, үйлесімділеуге, тұрақтылыққа және жетістіктерді сақтауға бағытталса, екіншісі – қарама-қайшылықтарды шешуге және табыстың жаңа аймағын іздеуге, әрі берілген ақырғы мақсаттарға жету қажеттілігіне бағытталған. Жобалық менеджментке өзгерістердің жүзеге асырылуына жауап беретін жаңа штат бірлігі қажет болады. Дәстүрлі әкімшіліктің өкілеттігі қызмет ерекшелігі мен қалыптасқан дәстүрлеріне байланысты басқарудың қалыпты құрылымымен анықталады. Ал жаңа орынбасар өкілеттігінің құрылымы толық анықталмаған, жобаның жүзеге асырылу сатысы мен жағдайына байланысты өзгеріп отырады. Жоспарлау кезеңінде жоспарлы-бағдарламалық құжат жасалып, қызметкерлерге жаңа идеяларды түсіндіру жұмысы жүргізіледі; техникалық талаптарды шешу кезеңінде – қосымша білім беру ұйымдарын жаңа әлеуметтік тәсілдер мен тәрбие беру түрлерімен қамтамасыз ету жұмысы; енгізу кезеңінде - қызметкерлерді оқыту және т.б. Инновациялық оқу меңгерушісіне тән сипат оның қызметінің түрлі-атқарымдылығы болып табылады. Ақырғы нәтижелерге сүйене отырып, екпінді тек соларға ғана жасаймыз, не жобаның жеке кезеңдерін сәтті жүзеге асыру қойылған мақсатқа жету кепілдігін бермейді.

Дәстүрлі менеджменттің белгілері: жетекшінің статус-квоны қолдау жауапкершілігі; жетекшінің өкілеттігі басқару құрылымымен анықталады; бекітілген міндеттер жиынтығы бар; жетекші өзінің атқаратын шегіне ғана жауапты; үдеріс тұрақты ұйым құрылымдарында жүзеге асырылады; міндеттер «сақталу» міндеттеріне сай сипатталады; үйлесімділеу басты міндет болып табылады; жетістік ағымдағы мақсаттарға жетумен анықталады; үдерісті жүзеге асыруда шектеулі құбылмалы жиынтығы болады.

Жобаларды басқару белгілері: жетекші өзгерістерді жүзеге асыруға жауапты; жетекші өкілеттігінің нақты құрылымының жоқтығы; міндеттер жиынтығы үнемі өзгеріп отырады; жетекші қызметтің атқарымаралық

түрлеріне жауапты; процесс тек жоба жүзеге асырылатын кезеңде ғана жарамды құрылымдарда іске асырылады; міндеттер инновациялық қызметтермен тығыз байланысты; басты мақсаты шиеленіс пен қарама-қайшылықты шеше білу болып табылады; жетістік мәлімделген ақырғы мақсаттарға жетумен анықталады; үдеріс белгісіз жағдайда жүзеге асырылады.

Қосымша білім берудің инновациялық-тәрбиелік жүйесін басқаруда жобалау әдістерін қолдану әлеуметтік-тәрбиелік қызмет сапасын арттырады. Ал жаңа енгізілімдер тиімсізділігі - өз арсеналында педагогтардың жобалау қызметінің құралдары бар инновациялық қызметтің төменгі сапалы нәтижесі. Бұл жайлы педагогикалық тәрбиелік жаңартуларды қолданудың тар спектрі дәлелдейді. Инновациялық қызмет сапасын арттыру үшін қосымша білім беру ұйымдарының даму қабілетін анықтайды. Ол төрт параметр негізінде анықталады:

а) өзгерістердің объективті қажеттіліктерін сезінушілік, яғни мектептің педагогикалық тәжірибе мәселелері мен қарама-қайшылығын уақытылы анықтау қабілеті;

б) жүйені дамыту мүмкіншіліктерін сезінушілік;

в) тәрбие беру қызметін жақсарту мүмкіншіліктерін анықтау ретінде түсіндірілетін енгізбелік әлеует;

г) қосымша білім беру ұйымы ұжымының креативтілігі.

Ұйымның инновациялық әлеуетін анықтау үшін Б.П. Мартиросян құрастырған инновациялық қызмет сапасын бағалау әдісін (ИҚСБ) қолдануға болады. Инновациялық қызмет сапасыздығының себептері:

а) педагог қызметкерлердің жаңалықты енгізуге қарсылығы;

б) педагог қызметкер инновациялық белсенділікті еліктеп көрсетеді;

в) жаңалықты енгізу нәтижелері күтілімге сәйкес емес;

г) жаңалықты енгізуге кіріскенде, педагог қызметкерлер істі аяғына жеткізбеген;

Балаларды әлеуметтендіру процесінде инновацияларды басқару құрылымын құрастыруда инновациялық қызметтің ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуші жүйесін жобалау қажеттілігі мен басқару саласындағы инновациялық процестері ғана емес, сонымен қатар тәрбие берудің мазмұнды саласы да ескерілді. Жобалау бойынша түр-түрлі жұмыстар арасында – мәселелендіру, концептуализацияландыру, бағдарламалау, жоспарлау, жобаны атқарушылар қызметін бірлестіре ұйымдастыру, жаңа тәжірибе құрастыру, рефлексивті рәсімдеу және жобаны жүзеге асыру нәтижелерінің сараптамасы.

Жобаның өмірлік циклының үш кезеңі ерекшеленеді: жобалау, технологиялық және рефлексивтік кезеңдері. Қосымша білім берудің ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуші жүйесін *жобалау кезеңінде* инновациялық қызметтің ғылыми-әдістемелік сүйемелдемесін құруда модельдеудің келесі әдістерін қолдану өте маңызды:

модельдеудің барлық қатысушыларының жоба туралы түсінігін нақтылау және келістіруді қамтамасыз ететін «сценарийлер» әдісі;

графикалық әдістер; құрастырылым әдісі, яғни күрделі мәселені талданатындай қылып, бөлшектеу;

баламаларды жалпыландыру әдісі; іскерлік ойындар, ой-талқы, идеялар конференциясы;

синектика әдісі (ассоциативті ойлау) және т.б.

Жобаның технологиялық кезеңі құрастырылым сатысын қамтиды. Бұл реттің өзінде маңызды рөлді оның ғылыми-әдістемелік қосымшасын жүзеге асыратын жеке әрекеттесу мен ұжымдық субъекттердің инновациялық қызметі атқарады.

Жобаның рефлексивтік кезеңі қосымша білім беру негізінде инновациялық қызметтің ғылыми-әдістемелік қосымшасын аяқтайды да, әлеуметтік-тәрбиелік саласында жобалық қызметтің нәтижелерін рәсімдеу сатысы мен жоба өнімінің сараптамасы мен өзіндік сараптамасының сатысын қамтиды. Инновациялық кез келген тәрбие жобасының анализінің инварианты қызметін балалардың саулығы мен дамуы және денсаулық сақтау ортасының болуының белгісі атқарады.

Нәтижелерді рәсімдеу түрлері әртүрлі:

жобаны жүзеге асырушылардың жеке және ұжымдық өзара іс-қимылын көрсететін нормативтік құжаттар;

жоба қызметінің түрлі бағыттар бойынша бағдарламалары мен жобалары;

оқу-әдістемелік құралдар, дидактикалық және диагностикалық материалдар;

әдістемелік материалдар жинағы;

бұқаралық ақпарат құралдары мен ресурс ақпараттары банктері, дөңгелек үстелдер мен конференциялардағы тұсаукесерлер материалдары.

Инновациялық тұғырнамада құрылған әлеуметтік-тәрбиелік процесс қатысушыларының қалыптасқан жобалық мәдениеті балалардың дамушы, шығармашылық, әлеуми маңызды қызметке жемісті тартылуын қамтамасыз етеді.

Нысаналы басқару қызметі нәтижесінде инновациялар заңды пайда болып, қосымша білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының сапасын арттыратын инновациялық үдерістер іске қосылады.

Сонымен, «әлеуметтік тәрбие» мазмұнының негізін, оның мәнін, қоғамдағы әлеуметтік бейімделуін, «әлеумет» феномені құрайды. Ал ол болса әлеуметтік тәрбие берудің тұлғаның әлеуметтенуімен, оның баланың әлеуметтенуін қамтамасыз етуіне және оның тұлғалық өз-өзін анықтау міндетіне байланысты өзара байланысын көрсетеді. Сондықтан да, әлеуметтік тәрбие беруді әлеуметтену үдерісінің мәнмәтінінде қарастыру құқыққа сәйкес адамның әлеуметтену мәселелерінің педагогикалық амалдармен шешілу мәні болып табылады. (Галагузова М.А., Загвязинский В.И., Мудрик А.В., Ромм Т.А.).

Сөйтіп, жоғарыда көрсетілген әлеуметтік тәрбие берудегі инновациялар негізінде біз әлеуметтік-педагогикалық жүйелерді тәрбиеленушілердің жемісті әлеуметтенуіне ықпал тигізетін, жаңа мазмұны мен жаңа тәрбие құралдарын қолдануға негізделген, салыстырмалы бақыланатын және педагогикалық реттелетін әлеуметтік-педагогикалық процесс ретінде түсінеміз. Демек, инновациялар білім-тәрбиелік және қосымша білім беру жүйелерінің әлеуметтік-педагогикалық үдерісінің барлық құрамдастарына (мақсаты, мазмұны, құралдары, түрлері, әдістері, технологиялары) таралады.

1.3 Қазақстан Республикасының қосымша білім беру ұйымдары жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық үдерістерінің мәні мен мазмұны

Қазіргі замандағы әлеуми-мәдениеттік тұрғыда жастарды шынайы өмірге дайындауда және тәрбиелеуде мектептің, қосымша білім беру ұйымдарының жауапкершілігі өсуде. Осыған байланысты, әлеуметтік тәрбие беруді қоғамның жағдайына, оның этноконфессиялық және әлеуми-мәдениеттік ерекшеліктеріне байланысты нақты-тарихи құбылыстары ретінде заманға сай түсіну мәселелері өзектеледі.

Оқушыларды әлеуметтік тәрбиелеу мәселелері П.Р.Атутов, С.Я.Батышев, Е.Д.Варнакова, А.А.Кирсанов, М.И.Махмутов, Е.Г.Осовский, В.А.Поляков, А.А.Шибанов және т.б. жұмыстарында жарық көрді. Аталған ғалымдардың жұмысында нәтижелі анализге тәлімгерлік, оқушылардың оқу орны ішінде және сыртта әлеуметтік қорғалуы талқыға салынып, оқушылардың, педагог қызметкерлердің, ата-аналар мен еңбек ұжымы мүшелерінің өзара іс-қимылының ұйымдастырушылық-құқықтық базасы құрылды.

Әлеуметтік тәрбие беру мәселелерінің бір қатарын мектепте тәрбие теориясы мен тәжірибесін құрастырумен айналысқан ғалым-педагог қызметкерлері: Н.И.Болдырев, О.С.Богданова, Л.Ю.Гордин, И.С.Марьенко, Б.Т.Лихачев, В.М.Коротов, В. А. Сухомлинский, С.Е.Хозе, М.М.Яценко және т.б. қарастырды

Әлеуметтік тәрбие берудің әлеуметтік-психологиялық аспекті А.Г.Асмолов, С.А.Беличева, Л.И.Божович, А.А. Бодалев, В.В.Давыдов, И.В.Дубровина, И.С.Кон, А.Н.Лутошкин, Н.Н.Нечаев, А.В.Петровский, В.С.Собкин, Л.И.Уманский, Р.Х.Шакуров, Д.И.Намазбаева, Н.П.Шадрин және т.б. зерттеу жұмыстарының тақырыбы болды.

Соңғы жылдары әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді, оқушылардың әлеуметтенуін зерттеуге қазақстандық ғалымдар Г.К.Абдигалиева, Т.Г.Бортко, С.В.Гарник, Л.В.Партина, Ж.Ж.Наурызбай, Н.М.Нысамбаев, З.У.Кенесарина, У.Д.Муналбаева, А.Н.Тесленко, сонымен қатар ресейлік зерттеушілер А.И.Антонов, Т.И.Бакланова,

В.Г.Бочарова, Б.З.Вульфов, С.И.Григорьев, В.И.Жуков, В. А.Каракровский, М.Б.Коваль, В.Т.Лисовский, А.В.Мудрик, М.М.Плоткин, Л.И.Новикова және т.б. көп көңіл бөлді.

Ғалымдар мен тәжірибе жинаушылардың ғылыми қызығушылығын оқушы жастардың полимәдениеттік, ұлттық тәрбие мәселелері көрсетеді. Бұл бағытта шетелдік және отандық зерттеушілер Д.Голлник, Ф.Чинн, К.Беннет, А.Н.Джуринский, Г.Д.Дмитриев, Р.Башарулы, А.А.Бейсенбаева, К.Б.Жарикбаев, В.А.Ким, С.Ж.Пралиев, С.И.Калиева, Р.К. Төлеубекова және т.б. жұмыс істеуде.

Сөйтіп, әлеуметтік тәрбие беруге қатысты ғылыми-педагогикалық әдебиеттің анализі келесіні көрсетеді:

- «әлеуметтік тәрбие» ХХ ғ. басында балаларды тәрбиелеу және білім мекемелерін басқарушы мемлекеттік органын білдіретін термин ретінде пайда болады.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында (20-30-шы жж.) «әлеуметтік тәрбие» феномені бастаушы педагогикалық мәселелердің бірі болды. (Н.Н.Иорданский, А.Г.Калашников, М.В.Крупенина, В.Н.Шульгин). Бұл әлеуметтену үдерісіне түбегейлі әсер еткен (панасыздық, жетімдік, қаңғырушылық), әлеуметтік қоғамды құрушыларға әлеуметтік тәжірибе беру механизмдері мен мазмұнын қалыптастыру қоғамдағы революциялық өзгерістермен себептелді. Берілген ұғым «әлеуметтік белсенділікті арттыруға, әлеуметтік қызметке деген «талғамды» дамытуға, ынтымақтастық рухын тәрбиелеуге, жеке, эгоистік ниетін басу қабілетіне» бағытталған азаматтық тәрбие берудің жаңа саласын анықтады. (В.В.Зеньковский) [9].

Әлеуметтік тәрбие беру мазмұны біртіндеп тұлғаның идеологиялық ұйымдастырылған әлеуметтік ортада бейімделуіне, күресушінің әлеуметтік қоғам құрылысы үшін қалыптасуына идеологиялық бағыт алады. Бұл әлеуметтік тәрбие берудің 20-шы жылдары кеңінен таралған кластық сипатын куәландырады. Тәрбие үдерістеріне әлеуметтік тұрғыдан ғылыми түсінік беру тоқтатылған болатын:

- кеңес кезеңінде (40-80-ші жж.) педагогикалық теория мен тәжірибеге «коммунистік тәрбие» термині үстем болады. Көптеген зерттеу жұмыстары коммунистік тәрбие беру теориясы мен тәжірибесін ашуға арналады. (И. Ф. Свядковский, И. А. Каиров, Н. К. Гончаров, Э. И. Моносзон, Н. И. Болдырев және т.б.). Әлеуметтік педагогиканың (әлеуметтік тәрбие) негізгі ережелері басқа ғылымдармен қарала бастады;

- ХХ ғасырдың 90-шы жылдары педагогикалық тәжірибенің құбылысын көрсететін әлеуметтік тәрбие беру идеялары қайта өзектелінеді. Ол әлеуметтік педагогиканың қазіргі заман теориясының негізгі ұғымына айналады.

Өзгереген жағдай әлеуметтік қоғамдық жүйенің құлауына, адамның болмысы туралы жаңа көзқарастар мен тәрбие берудегі жаңа бағыттарды іздеуге байланысты болады.

Оның үстіне, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, түрлі мемлекеттердің әлеуми күшінің реттелуіндегі өзгерістер, жаһани әлемдік үдерістер адамның әлеуми-мәдениеттік кеңістікте дамуын өзгертті. Ол жаңа мәселелердің пайда болуына байланысты кеңейді: этноұлттық қарбаластықты және әлеуметтік шиеленістерді жеңу, рухани өмір сүру, рухани-адамгершілік, азаматтық қалыптасу және даму міндеттерін басым қылу арқылы әлеуметтік теңсіздікті шектеу.

Қазіргі заман қоғамында адам «түрлі қоғамдар, қосалқы мәдениеттер, жергілікті топтар талабының, сонымен қатар жалпы қоғами, әрі нақты-тарихи идеялардың, бағдарламалардың таратушысы» болып табылады, сондықтан оның әлеуметтенуі түрлі тұрғыдан және басқа адамдармен қарым-қатынас түрлерімен қатар жүзеге асырылады. [10].

Әлеуметтік-мәдени кеңістік мектеп жасөспірімдеріне ерекше ықпал тигізе алады: бір жағынан, ересектік өмір элементтерінің өсуі (яғни, бос уақытты өткізу, табыс табу, қарым-қатынас орнату түрлері), екінші жағынан – ересек адамдар балалардың өміріне араласуды қойып, балаларға және балалық шаққа нақты тұрғыдан қарамайды. [10]. Мұндай үйлесімсіздік жастардың әлеуметтік бейқамдылығына, олардың адамгершілік құндылығының өзгеруіне, әлеуметтік-мәнді тұрғыны қабылдауға дайын болмауына және маскүнемдіктің өсуіне, нашакорлыққа, өз-өзіне қол жұмсауға, қылмыстықтың жаңаруына, жасөспірімдер санының өсуіне, өзінің ересек адамдарға қатысты қарым-қатынасына байланысты өзінің «Мен» дәрежесін ұғынуына әкеледі.

Сонымен, жоғарыда айтылған жағдайлар әлеуметтік тәрбие беруді ұйымдастырудың шарттары, мазмұны, түрлері мен амалдарының тиімді өзгеруіне ықпалын тигізді. Мұндай өзгеріс мектеп жастарын педагогикалық амалдар, әсіресе, қосымша білім беру арқылы әлеуметтендіруді іздеу мүмкіншілігіне жол ашты.

Теориялық аспект әлеуметтік тәрбиені педагогикалық дәреженің сипаты деп түсіндіреді. Осыған байланысты, «тәрбие» және «әлеуметтік тәрбие» ұғымдарын, оның өзіндік ерекшелігін айыра білу маңызды. М.А. Галагузованың ойымен келісер болсақ, әлеуметтік тәрбие – бұл «тәрбие» ғылымаралық дәрежесіне қатысты түрлік ұғым, сонымен қатар ол педагогиканың тұтқалы термині болып табылады, ал оның ерекшелігі «әлеуметтік» сөзінің мәнді түсіндірмесіне байланысты. Сондықтан, бір жағынан, әлеуметтік тәрбие – қоғамның түрлі ұйымдар арқылы адамға, адамдар тобына тигізетін тәрбиелік ықпалы; адамның дамуына (материалдық, рухани, ұйымдастырушылық) бағытталған жағдай жасау. Ал басқа жағынан – «әлеуметтік» мәні тәрбие берудің мазмұнды бағытын анықтап, «адамдардың қоғамдағы тіршілік әрекетіне байланысты нысаналы тәрбие беру қызметін», адам мен қоғамның үйлесуін білдіреді. [11].

Зерттеушілердің ойынша, қазіргі заман әлеуметтік педагогикасында «әлеуметтік тәрбие» ұғымының бірде-бір анықтамасы жоқ. [12]. Ол былай түсіндіріледі:

өзіне және қоғамға барынша пайда тигізе алатын, объективті қалыптасқан әлеуметтік жарамды құрылымдар, рөлдер және өзара қатынастар жүйесіне тұлғаның қоғамға тиімді, оңтайлы және ауыртпалықсыз қосылуына (араластыру) мүмкіндік беретін амалдар, тәсілдер және стратегиялар (А. В. Луначарский, Н. К. Крупская);

тәрбиеленушілердің әлеуметтік өмірін ұйымдастыру, олардың «әлеуметтік түйсігі мен дағдысын» қалыптастыру (Н.Н. Иорданский, А.Г. Калашников, М.В. Крупенина, В.Н. Шульгин);

қоғамның бөлігі болып табылатын немесе тығыз байланыстағы тұлғаның субъекті ретінде әр баланың қабілеттерін, шығармашылық дарындарын ашуға бағытталған педагогикалық қызмет (С.Т. Шацкий, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский);

«осы қоғам талаптарына бара-бар тұлғаны қалыптастыру мақсатында» қоғами көмектің педагогикалық бағдарлы жүйесі (В.Г.Бочарова);

бала тұлғасының табысты әлеуметтенуіне қажет әлеуми маңызды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған үдерісі (М.А.Галагузова);

адамның арнайы құрылған тәрбие беру ұйымдарында, оның позитивті (мемлекет пен қоғам көзқарасы бойынша) дамуына және белгілі рухани-құндылық бағдарына қалыпты жағдай жасау үдерісінде өсуі (А.В.Мудрик);

тұлғаның онтогенезде дамуының бар кезеңін, әлеуметтік қызметінің түрлі салаларын қамтитын және тұлға, отбасы, қоғам, тәрбие құралдары және әлеуми-мәдениеттік орта мүмкіндіктері әлеуетін толық қолдану негізінде білімнің мемлекеттік-қоғамдық жүйесінің барлық субъекттерінің келісілген белсенді қатысуын болжайтын біртұтас үдеріс (М.М.Плоткин);

әлеуметтік рөлдер жүйесін толық орындауға қабілетті тұлғаны қалыптастыру және дамыту (И.М. Таланчук).

Сөйтіп, әлеуметтік тәрбие беру мектеп оқушыларының жеке өмірлік тәжірибе, нормаларды, құндылықтарды, қоғамда қалыптасқан құрылымдарды меңгеруін және жалпы қабылданған тәртіп ережелеріне бейімделуін, әлеуметтік-мәдени тәжірибе жинақтауын, ұйымдастырушылығын, тәрбие беру ұйымдарында әлеуми бейімделген, әлеуми құзыретті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қалыпты жағдай жасау барысында жүзеге асырылатын әлеуметтік құзыреттерді меңгеру үдерісін қамтиды.

Яғни, әлеуметтік тәрбие беру болмысы «жүзеге асырылған мақсат ретінде адамның әлеуметтенуге жетуіне бағытталған нормативтік және интерпретативтік мінездемелердің диалекттік өзара байланысында» ашылады. (Т.А.Ромм). Ғалымның көзқарасы бойынша, нормативтік мінездеме білімнің, қабілеттің, әлеуметтік-жарамды тәртіп дағдысының қалыптасуын, мынадай әлеуметтік жарамды құрылымдар жүйесінде

әлеуметтік жұмыс істеу міндеттерін шешуде көмек тәртіп тәжірибесін алуын қамтиды. Ал интерпретативтік адам белсенділігінің іске қосылуына, субъекттік позицияның қалыптасуына, әлеуметтік өзара қатынас дағдыларына, әлеуми жағдайда өз индивидуалдығын іске қоса алуына, индивидуалдық әлеуми өз-өзін анықтай алу көмегіне байланысты [10].

Ескере өтетін жағдай, «әлеуметтік тәрбие» мазмұнының негізін, ұғымының анықтамасының түрлілігіне қарамастан, оның мағынасын қоғамдағы әлеуметтік бейімделуі, «әлеумет» феномені құрайды. Ал ол болса әлеуметтік тәрбиенің өзара тұлғаның әлеуметтенуімен, оның баланың әлеуметтенуін қамтамасыз етуіне байланысты міндеттеріне және оның тұлғалық өз-өзін анықтауына байланысын көрсетеді.

Әлеуметтендіру – бұл тұлғаның қалыптасу процесі, индивидтің тілді, әлеуми құндылықтарды және тәжірибені (нормаларды, ережелерді, тәртіп үлгілерін), осы қоғамға, әлеуми жалпылыққа, топқа қатысты мәдениетті меңгеруі және оның әлеуми байланыстар мен әлеуми тәжірибелерді өндіруі және байытуы. (Л.В. Мардахаев) [13, 43].

Әлеуметтендіру және тәрбие беру процестерінің өзара байланысы түсінігінің түрлі позициялары бар. Мысалы, әлеуметтендіру мен тәрбие беру параллель болады және адам өмірінің белгілі кезеңдерінде өзінің тұлғаны дамытудағы маңыздылығын кезектестіреді; әлеуметтендіру бейберекет және тек қатынасты бағытталатын «белгілі бір жүйеде және мақсатта әлеуметтік ықпалды ұйымдастыруға үндейтін тәрбиемен толықтырылатын» үдеріс. [13].

А.В.Мудрик өзінің әлеуметтік тәрбие беру концепциясында келесі идеяларды негіздейді:

әлеуметтендіру – спонтандық және үздіксіз үдеріс, өйткені адам өмір бойы үнемі әлеуметпен өзара әрекеттеседі;

тәрбие беру – дискреттік, жоспарлы, институтшылдық, белгілі бір орны мен уақыты шектелген үдеріс;

әлеуметтік тәрбие беру – әлеуметтену процесінде адамның дамуын қатынасты және нысаналы бақылаудың жоспарлы жағдайын жасау;

әлеуметтік тәрбие беру (қысқаша) – қалыптасушы тұлғаға қоғамдағы өзара әрекет тәжірибесін жинауға мүмкіндік беретін, арнайы ұйымдастырылған әлеуметтік байланыстар мен жағдайларға мектеп оқушыларының кірісу үдерісі;

әлеуметтік тәрбие беру арнайы құрылған тәрбие беру ұйымдарында жүзеге асырылады (сәбилер үйі мен балабақшалардан мектепке, жоғары оқу орындарына, әлеуметтік көмек орталықтарына және т.б. дейін), сонымен қатар басты міндеті тәрбие беру емес, ал жасырын сипатты көптеген ұйымдарында жүзеге асырылады (армия бөлімдерінде, саяси партияларда, көптеген корпорацияларда және т.б.);

тәрбие беру ұйымдарында әлеуметтік тәрбие беру мазмұны, түрлері, тәсілдері және субъектерінің өзара әрекеттесу стилі бойынша автономды үш өзара байланысты процестерде жүзеге асырылады: тәрбиеленушілердің

әлеуметтік тәжірибесін ұйымдастыру, олардың білім алуы және оларға көрсетілетін индивидуалдық көмек [14].

Сондықтан, әлеуметтік тәрбие беруді әлеуметтендіру процесінің мәнмәтіні ретінде, оның құрама бөлігін, салыстырмалы бақыланатын және педагогикалық реттелетін, және де әлеуметтік құзыреттілігінің, әлеуметтік кемелділігінің қалыптасуына, тұлғаны тілдесуге, ойынға, оқуға және әлеуми-пайдалы қызметке әлеуметтік қатынасудың әртүрлі түрлеріне қатыстыру арқылы шығармашылық мүмкіншіліктерін ашуға және тұлғаның өз-өзін тануына бағытталған әлеуметтік-педагогикалық үдеріс ретінде қарастыру керек екендігі жайлы зерттеушілердің (М.А.Галагузова, В.И.Загвязинский, А.В.Мудрик, Т.А. Ромм) пікірімен келісуге болады. Демек, әлеуметтік тәрбие берудің мәні адамның әлеуметтену міндеттерін педагогикалық амалдар арқылы шешу болып табылады [14].

Жоғарыда айтылған ережелер қазіргі заман әлеуми-мәдениеттік кеңістігінің өзгеруі өскелең адамның әлеуметтік-тұлғалық қалыптасуына әсер етіп, өз алдына, әлеуметтік тәрбие берудің келесі бағыттарын іске қосқанын көрсетеді:

мектеп оқушыларының жеке өмірлік тәжірибені, нормаларды, құндылықтарды, қоғамда қалыптасқан ережелерді, сонымен қатар өз-өзін анықтау және өз-өзін тану жаңа тәжірибелерін меңгеруін педагогикалық ұйымдастыру;

өз өмірін ұйымдастыруда жеке шешімдер қабылдауына баланың әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік дербестену және әлеуметтік ықпалдасу үдерісін тиімді және табысты өтуіне көмек көрсету;

бала денсаулығын қорғау, оның әлеуметтік, дендік, саналық және шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

мектеп оқушыларының әлеуметтік іс-әрекетінің, әлеуметтік шығармашылығының тәжірибесін ұйымдастыру, тұлғаның қоғамда шығармашылық өсуін педагогикалық қолдау;

мектеп оқушыларының өз-өзін басқару, шығармашылық қағида, азаматтық бастамасын дамыту;

мектеп оқушысының әлеуметтік даму, әлеуметтік қалыптасу, әлеуметтік құзыреттілігі бойынша іс-әрекетін іске қосу;

біліми-тәрбиелік ұйымдарда әлеуметтік тәрбие берудің мазмұнын, түрлерін, әдістерін, технологияларын жаңарту, оның мектеп оқушысының рухани-адамгершілік, әлеуметтік қалыптасуына бағытталуы;

әлеуметтік тәрбие берудің ұлттық дәстүрлерге сүйенуі, адамның өз Отанының тарихи жұмысына араласуы, патриотизмнің дамуы. Ол ұлттық болуы тиіс;

баланың қоғамда тиесілі өмір сүру құқығын педагогикалық қорғау, (бақылаусыздық пен кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының алдын алу шаралары), оның кәсіби өз-өзін анықтауы;

инновациялық тәрбие беру жүйелерін, инновация, әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық модельдері бойынша деректер базасы мен мониторинг жүйесін дамыту.

Ершеленген бағыттар әлеуметтік тәрбие берудің мазмұнында көрініп, педагогикалық амалдар арқылы жүзеге асырылады. Тиімді әдістердің бірі қосымша білім беру болып табылады (Б.В. Куприянов) [15].

Балаларға қосымша білім беру – сан қырлы тұлғаны тәрбиелеуде, оны оқытуда, ерте кәсіби бағдар алуында қажетті буын. Балаларға қосымша білім беру құндылығы жалпы білім құрамының түрлілігін күшейтіп, олардың өмірдің мәнін түсінуіне ықпалын тигізіп, кәсіби өз-өзін анықтауына көмектесіп, жас адамға нағыз балалық шақты көруге, оны өзінің даму жолын табуға итермелейді.

Сонымен қатар, бүгінгі күні Қазақстанның қосымша білім беру ұйымдарында оқушылардың денсаулыққа және салауатты өмір салтының барлық аспектілерінде (адамгершілік, әлеуметтік, психикалық және дендік) тәрбиелеу рөлінің жеткіліксіздігі қатты сезіледі, олардың ұлттық сана-сезімінің, азаматтық сәйкестілігінің, ұлтаралық және конфессияаралық шыдамдылығының, өскелең ұрпақтың этномәдениеттік қажеттіліктерінің қанағатталуы қалыптасады. [16].

Қосымша білім беру – өз-өзін ұйымдастырушы жүйе. Қосымша білім беру өз-өзін ұйымдастырушы жүйе ретінде жаңартылып отыруы үшін жаңа педагогикалық идеялар, жүйелер және технологиялар бекітілуі тиіс, бірақ олар бірден пайда болмайды, яғни жана тәжірибені ұйымдастыру қажет. Осыған орай, қосымша білім беруде әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық үдерістерін зерттеу жұмысы ғылым, тәжірибе және қазақстандық қоғам сұранысында жаңа және өзекті болып табылады.

Қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбие беру мазмұнының инновациялық бағыттарын анықтауға тырысайық. Балаларға қосымша білім беру мазмұны мен жалпы білім беруде зерттеушілердің бір қатары (В.В.Краевский, Г.М.Коджаспирова, И.Я.Лернер, Г.М.Буданова) келесі құрылымдық құрамдастарын ерекшелейді:

білім жүйесін (табиғат, қоғам, сана және басқа да іс-әрекет тәсілдері туралы);

іскерлік пен дағдылардың интеллектуалдық және тәжірибелік жүйесін;

жаңа жағдайларда меңгерілген білім мен іскерлікті қолдана білуін талап ететін жаңа мәселелерді шешу бойынша шығармашылық қызмет тәжірибесі;

тәртібінде, тәжірибелік іс-әрекетінде және интеллектуалдық мінезінде байқалатын әлемге, басқа адамдарға, өзіне деген сезімтал-жігерлі, құндылық көзқарас тәжірибесі.

Қосымша білім беру ұйымдарының мазмұны түрлі бағыттар мен міндеттер ықпалдасуы арқылы қамтамасыз етіледі. Нормативтік әдебиетте келесі бағыттар ерекшеленген: ғылыми-техникалық, спорттық-

техникалық, көркем-эстетикалық, мәдениеттік, экологиялық-биологиялық, денешынықтыру-сауықтандыру, туристік-өлкетанушылық, әскери-патриоттық, экономикалық-құқықтық, әлеуметтік-педагогикалық, мәдениеттік-этнографиялық және т.б.

Білім берудің мазмұнын анықтаушы міндеттер: құндылық-бағдарлы, коммуникативтік, әлеуметтік-бейімделуші, психотерапевттік, кәсіби бағдарлық, рекреациялық, мәдениет құрушы, біліми, әлеуметтік-педагогикалық және әдістемелік (А.К. Бруднов, Евладова Е.Б, О.Е. Лебедев, Логинова Л.Г, А.В. Золотарева).

Зерттеушілердің барлық білім бағдарламаларына, барлық бағыттарға арналған қосымша білім беру мазмұнының жалпы, инварианттық құрамын анықтауға тырысуы ғылыми-тәжірибелік қызығушылық туғызады. Олардың пікірі бойынша, қосымша білім беру бағыттары бойынша білім берудің мазмұны келесі жан-жақты құрамдастарды қамтиды:

- бағыттылық ақпарат алаңын меңгеру;
- қызметті жүзеге асыру тәжірибесін алу;
- іс-әрекет рефлексиясы дағдысын меңгеру;
- коммуникация мен кооперацияны құру қабілеттерін дамыту.

Ұсынылған құрамдастар қосымша білім берудің кез келген бағытында жүзеге асырылады. Жалпы алғанда, авторлардың көрсеткен ұстанымдарында қағидалы ерекшеліктер жоқ: бұл феномендердің мазмұнында екпін таным, тілдесу, шығармашылық субъекті ретінде әлеуметтік өзара әрекеттесуге және өз-өзін тануға дайын оқушының белсенділік ұстанымына қойылған.

Сөйтіп, келесі тұжырымдарды жасауға болады:

Қосымша білім беру мазмұнының барлық құрамдастары (білімі, іскерлігі, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, өзіне, басқа адамдарға, әлемге деген құндылық, сезімтал-жігерлі көзқарасы) тұлғаның даму деңгейіне, жарамды әлеуметтенуіне әсер ететін әлеуметтік тәрбие беру мазмұнына да сипатты;

қосымша білім беру ұйымдарында әлеуметтік тәрбие беру инновациялары оның сәтті меңгерілген жағдайда, оқушы тұлғаның ынталану, когнитивтік, тәртіби, эмоционалдық, рефлексивтік салаларының дамуына ықпал тигізетін құрамдастарының жаңашылдығын тұжырымдайды;

баланың әлеуметтік тәжірибені меңгеруі айрықша ұйымдастырылған қызмет түрлерінің негізінде әлеуметтік тәжірибенің жеке тәжірибеге ауысуына байланысты;

Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда балаларға қосымша білім беру әлеуметтік-біліми сала ретінде әлеуметтік тәрбие беру міндеттерін инновациялық тәртіпте тиімді және толық шешуге міндетті.

1.4 Қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбиені нормативтік-құқықтық қамтамасыздандырудың инновациялық мәнмәтіні.

Білім беру «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басымдылықтарының бірі болып саналады. Қазақстанның мемлекеттік саясатындағы ұлттық білім стратегиясында білімнің жоғары басымдылығы – мемлекеттің дамуының маңызды факторы.

Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамалар кешеніне, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» Заңын, сонымен қатар соған сәйкес 2013 жылғы 20 мамырда қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 499 «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелерін» қосу қажет.

Балаларға қосымша білім беру, оның құқықтық қамсыздандырылуының инновациялық бағыттарының динамикасын анықтау мақсатында біз Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының мәндік-анализі мен салыстырмалы анализін жасадық. Нәтижелерін 1 кестеде көрсеттік.

2013 жылғы 20 мамырда бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 499 «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелерінде» ұйымдардың негізгі міндеттері белгіленген:

1) ұлттық және жалпы адамдық құндылықтарының, ғылым және тәжірибедегі жетістіктерінің негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуына және дамуына, жетілуіне бағытталған сапалы қосымша білім алуына қажетті жағдай жасау;

2) тұлғаның шығармашылық, рухани, дендік мүмкіншіліктерін дамыту, олардың қабілеттерін жүзеге асыру;

3) адамгершілік негіздері мен салауатты өмір салтының нық қалыптасуы, интеллектті индивидуалдықты дамытуға жағдай жасау арқылы байыту;

4) азаматтылықты және патриоттылықты, Қазақстан Республикасына – Отанға деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді сыйлауға, халық салтын құрметтеуге, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы құбылыстарға төзбеуге тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық позициялы тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамы-саясаттық, экономикалық және мәдениеттік өміріне қатысу талабын, тұлғаның өз құқығы мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) балаларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, оларды табиғатты қорғау қызметтеріне тарту;

7) қоғамдағы өмірге бейімделу;

8) бос уақытын мәнді ұйымдастыру.

Ережелерде ұйымның өз қызметінің білім бағдарламасын жеке дайындау құқығы бекітілген. Ұйымның тәрбиелік бағдарламалары білім бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылатыны және тәрбиеленушілердің қабілеттері мен жан-жақты қызығушылықтарын дамытуға, адамгершілігін және жоғары моральдылығын, интернационализмділігін, азаматтылығын, патриоттылығын қалыптастыруға бағытталуы қажеттігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымда № 832 [18] қаулысымен бекітілген 2012-2016 жылдарға арналған мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту ұлттық іс-әрекет жоспарында балаларға қосымша білім беруді дамыту алдын ала қарастырылған. Қосымша білім беру мазмұнын жаңарту, оқытудың жаңа технологиялары мен интерактивтік, инновациялық, ұйымдастырушылық түрлерін интерактивтік балалар саябағын (ғылым шарбақтары), технологиялық саябақтар, балалардың ғылыми мұражайларын құру арқылы енгізу жоспарланған. Сапалы бейінді оқытуды ұйымдастыру үшін әрекет етуші жас техниктер, табиғат зерттеушілер, туристер стансаларын жаңа интерактивтік техникамен, құралдармен және технологиялармен жабдықтау жоспарланған.

**1 кесте – Қазақстан Республикасының 1999 және 2007 жылдардағы
«Білім туралы» Заңындағы қосымша білім беру**

<p align="center">1999 жылғы 7 маусымдағы (1) «Білім туралы» Заң</p>	<p align="center">2007 жылғы 27 шілдедегі (2) «Білім туралы» Заң</p>	<p align="center">Ортақ</p>	<p align="center">Айырмашылықтары</p>
<p>1 бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі түсініктер ...12) қосымша білім беру – мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың білімдік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында барлық деңгейлі қосымша білімдік бағдарламалары негізінде жүзеге асырылатын оқыту мен тәрбие беру үдерісі.</p>	<p>1 бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі түсініктер ...39) қосымша білім беру – оқушылардың білімдік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын оқыту және тәрбие беру үдерісі.</p>	<p>Қосымша білім беру — оқыту және тәрбие беру үдерісі.</p>	<p>Мақсаттағы айырмашылықтар: 1 - ... мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың білімдік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында. 2. - ... оқушылардың білімдік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында.</p>

<p><i>18 бап. Білімдік бағдарламалар</i></p> <p>1. Білімдік бағдарламалар білім беру мазмұнын деңгейлеріне және сатыларына сәйкес анықтайды. Қазақстан Республикасында жалпы білімдікке (негізгі және қосымша) және кәсіптікке (негізгі және қосымша) бөлінетін білімдік бағдарламалары жүзеге асырылады</p> <p>2. Жалпы білімдік бағдарламалар тұлғаның жалпы мәдениетінің қалыптасуы, тұлғаның қоғамда өмір сүруге бейімделуі, мамандықты, кәсіпті саналы таңдау және меңгеруге арналған негіздерінің құрылуы шарттарын шешуге бағытталған.</p> <p>3. Кәсіптік бағдарламалар мамандықтары мен біліктілігіне сәйкес жұмысшылар мен мамандарды</p>	<p>14 бап. Білімдік оқу бағдарламалары Білімдік оқу бағдарламалары мазмұны мен олардың бағытына (міндеттері) қарай бөлінеді:</p> <p>1) жалпы білімдік (типтік, жұмыстық);</p> <p>2) кәсіптік (типтік, жұмыстық);</p> <p>3) қосымша.</p> <p>23 бап. Қосымша білім беру оқу білімдік бағдарламалары</p> <p>1. Қосымша білім беру оқу білімдік бағдарламалары оқушылар мен тәрбиеленуші-лердің білімдік және мәдениеттік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға бағытталған.</p> <p>2. Қосымша білім беру оқу білімдік бағдарламалары мазмұны мен бағытына байланысты оқу бағдарламаларына бөлінеді:</p> <p>1) оқушылар мен</p>	<p>Қосымша білім беру бағдарламаларының анықтамасы беріледі.</p>	<p>1. Бағдарламалар бағытының толық анықтамасы.</p> <p>2. Қосымша білім беру бағдарламаларын қосымша білім беру оқушылары мен тәрбиеленушілері және мамандардың біліктілігін арттыру және қайта дайындау бағдарламаларына бөлу енгізілді.</p>
--	--	--	---

<p>дайындауға, оқушылардың жалпы білімдік және кәсіби деңгейін көтеруге бағытталған.</p> <p>4. Негізгі жалпы білімдік бағдарламалар және негізгі кәсіптік бағдарламалар мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарына сәйкес құрастырылады..</p> <p>5. Қосымша білімдік бағдарламалар мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың білімдік және мәдениеттік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылады. Жүзеге асырылатын қосымша білімдік бағдарламаларға түрлі бағыттағы білімдік бағдарламалар жатады:</p> <p>1) мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарынан тыс жалпы білімдік және кәсіптік дайындық жүргізетін білім ұйымдарында;</p> <p>2) қосымша білім беру ұйымдарында;</p>	<p>тәрбиеленушілерге қосымша білім беру;</p> <p>2) мамандарды қайта дайындау және біліктілікті арттыру.</p> <p>3. Мемлекеттік білім ұйымдарымен іске асырылатын қосымша білім беру оқу білімдік бағдарламалары мемлекеттік басқару органы міндетін орындаушы органдармен бекітіледі.</p>		
--	--	--	--

<p>3) индивидуалдық педагогикалық қызмет арқылы.</p> <p>6. Аса дарынды оқушылардың потенциалды мүмкіншіліктерін дамыту үшін дарынды балаларға арналған арнайы мектептерде жүзеге асырылатын білімдік бағдарламалар құрастырылады.</p> <p><i>21 бап. Жалпы және кәсіптік білім.</i></p> <p>1. Жүзеге асырылатын білімдік бағдарламалар сипаты бойынша білім жалпы білім және кәсіптік білім болып бөлінеді.</p> <p>2. Жалпы білімге:</p> <p>1) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту;</p> <p>2) бастауыш жалпы білім;</p> <p>3) негізгі жалпы білім;</p> <p>4) орта жалпы білім;</p> <p>5) қосымша жалпы білім.</p>			
<p>19 бап. Балалар мен жасөспірімдерді қосымша дамытуға арналған білімдік бағдарламалар.</p>	<p>37 бап. Қосымша білім беру.</p> <p>1. Оқушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша</p>	<p>Қосымша білім беру жүзеге асырылатын ұйымдарға анықтама беріледі.</p>	<p>1. Мемлекет мемлекеттік мектептен тыс ұйымдардың білімдік қызметтерінің қол жетімділігін қамтамасыз етеді.</p>

<p>1. Қосымша білім беру білімдік бағдарламалары мектептен тыс ұйымдарда жүзеге асырылады.</p> <p>2. Мемлекет мемлекеттік мектептен тыс ұйымдардың білімдік қызметтерінің қол жетімділігін қамтамасыз етеді.</p> <p>3. Мектептен тыс ұйымдар балалардың шығармашылық еңбектенуіне, өз-өзін кәсіби анықтауына, тұлғалық дамуына, олардың қабілеттерінің іске қосылуына, қоғамда өмір сүруге бейімделуіне, азаматтық сана-сезімінің, жалпы мәдениетінің, салауатты өмір салтының қалыптасуына, бос уақытын мәнді ұйымдастыруына жағдай жасайды.</p> <p>4. Мектептен тыс ұйымдарға балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық сарайлары, үйлері, орталықтары, кешендері, студиялары; жас техниктер, туристер, табиғат зерттеушілері стансалары мен</p>	<p>білім беру түрлері білім саласындағы уәкілетті органмен анықталатын қосымша білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.</p> <p>Оқушыларға қосымша білім беру оқу білімдік бағдарламалары бойынша білімдік қызметтер бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім жалпы білімдік оқу бағдарламаларын келісім шарт бойынша жүзеге асыратын білім ұйымдарымен беріледі.</p> <p>2. Біліктілікті арттыру және кадрлерді қайта дайындау қосымша білім беру оқу білімдік бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында, ғылым ұйымдарында, өндірісте және мемлекеттік ғылым ұйымдары мен жоғары оқу орындарының ғалым</p>		<p>2. Мектептен тыс ұйымдарға жататын ұйымдарға анықтама беріледі.</p> <p>3. Оқушыларға қосымша білім беру оқу білімдік бағдарламалары бойынша білімдік қызметтер бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім жалпы білімдік оқу бағдарламаларын келісім шарт бойынша жүзеге асыратын білім ұйымдарымен беріледі.</p> <p>4. Балаларға қосымша білім беру мен ересектерге қосымша білім беру бір бапта бірге жазылған.</p>
--	---	--	--

<p>базалары; балалар музыкалық, көркем өнер және спорт мектептері, өнер мектептері; қызығушылық бойынша клубтар; спорттық, сауықтандыру, туристік лагерьлер; балалар бағы, стадиондар, көрмелер және басқа ұйымдар.</p> <p>5. Мектептен тыс ұйымдардың қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген ережемен анықталады.</p>	<p>жұмысшыларының әлемнің жетекші жоғары оқу орындары мен ғылым орталықтарында және «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша зертханаларда жүзеге асырылады.</p> <p>3. Білім мекемелерінің педагогикалық және ғылыми жұмысшыларының біліктілігін арттыру бес жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады.</p>		
--	---	--	--

Жалпы білімдік мектептер мен мектептен тыс ұйымдарда түрлі бағыттар бойынша секциялар, үйірмелер желісін кеңейту арқылы қосымша білім берудің балаларды қамтуын ұлғайтатыны көрсетілген. Ғылыми-зерттеушілік жобаларға, техникалық шығармашылыққа, өнертапқыштыққа, модельдеуге, нанотехнологияларға, робототехникаға және леґожобалауға және т.б. ерекше көңіл бөлінеді. Тұлға қабілеттерінің дамуын, қызығушылығының, қажеттіліктерінің қанағаттандырылуын ескере отырып, білімдік нәтижелерге жету үшін қосымша білім беру ұйымдары мен жалпы білімдік мектептердің қызметін (функционалды сауаттылықтың) ықпалдастыру қамсыздандырылады.

Жалпы ықпалдастық тұлғаның өз-өзін кәсіби анықтауына және оқушылардың шығармашылық және инновациялық іс-әрекеті қажеттіліктерін қалыптастыруға әсерін тигізеді. Қосымша білім беру ұйымдарының әлеуметтік мәні оған әлеуметтік қорғалмаған отбасылар мен мүмкіншіліктері шектеулі балалардың тартылуы арқылы артады.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдары [19] білімді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасында қосымша білім беруді дамыту жолдары белгіленген. Екпін қосымша білім беру мазмұнын жетілдіруге қойылады. Яғни, мысалы, шығармашылық құзыретте тұлғаның бәсекелік үстемдігін қалыптастыру мақсатында, үздіксіз білім және тәрбие беру, өз-өзін кәсіби анықтауда балаларға қосымша білім берудің мазмұны негізгі бағыттар бойынша жаңартылатыны көрсетілген: көркем-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетанушылық, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, білімдік-сауықтандыру және т.б. Мектептерде спорт секцияларын құру жолы арқылы дене шынықтырудың мектептен тыс ұйым түрлері жетіледі. Құқық бұзушылық пен басқа да бейәлеуметтік құбылыстардың алдын алу жұмыстары бойынша әр оқушының психологиялық-педагогикалық индивидуалдық қамсыздандырылуы қосымша білім беру байқаулары және олимпиадалар жүйесі арқылы мектеп оқушыларының қоғамдық және әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру арқылы балалардың қоғамдық бірлестіктері дами бастайды.

Қосымша білім беру педагог қызметкерлері мен жапсарлас мамандықтардың педагог-ұйымдастырушыларын дайындау бағдарламаларын жетілдіруге бағдар алу айтарлықтай маңызды болып табылады.

1.5 Қосымша (бейресми) білім беру жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің әлемдік үрдісі.

Зерттеудің теориялық әдістерін қолдана отырып, жақын және алыс шетел мемлекеттеріндегі қосымша білім жүйесінің балаларға әлеуметтік тәрбие беру теориясы мен тәжірибесі зерделеніп және талданып, әлеуметтік тәрбие беру мәселелерінің мәні ретінде адамның педагогикалық амалдармен әлеуметтену міндеттерінің шешімі бекітіліп, жаңа әлеуметтік-мәдениеттік кеңістік өзгерістері іске қосылды.

Балаларға әлеуметтік тәрбие беру институты ретінде қосымша білім берудің білімдік-тәрбиелік ортасы мектеп оқушылары білімінің ұлғаймалы өндірісіне ықпал етуі, олардың әлеуми пайдалы қызметке кірісуі, өз-өзін кәсіби -тұлғалық анықтауы және өсуі маңызды фактор болып табылады. Біздің ойымызша, әлеуметтік тәрбие беруді ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесін зерделеу және талдау Қазақстан Республикасы қосымша білім беру жүйесін жаңартуға көмегін тигізеді.

Әлемдік біліми жүйеде «тәрбие беру», «әлеуметтік тәрбие беру» терминдері жоқ. Олардың орнына көбіне «guidance» ұғымы қолданылады.

«Гайденс» - қиын жағдайда тұлғаның шешім қабылдауы немесе бейімделуі. Қысқасы – тұлғаның өзін-өзі тану үдерісіндегі, өз қабілеттерін дамытудағы көмегі.

АҚШ-та «гайденс» ұғымы мектеп оқушыларының сәтті әлеуметтену мәселелерімен байланысты. Ағылшын білім жүйесіне *pastoral care* ұғымы сәйкес — пасторлық күтім; *tutoring* — қамқоршылық, ал «гайденс» термині мектеп оқушысының тұлғасының әлеуметтік және индивидуалдық дамуына, яғни әлеуметтік дағдыларға үйретуге, қамқорлық пен тақырып таңдауда көмек беруіне бағытталған. Голландияда әлеуметтік тәрбие беру негізін білім үдерісінде балаға психологиялық-педагогикалық қолдау және мамандық таңдау - ағылш. *school counseling and guidance and career counseling* .

Сөйтіп, терминдердің айрықшалығына қарамастан, әлеуметтік тәрбие мектеп оқушысының тұлғасының әлеуметтенуімен, әлеуметтік дамуымен, әлеуметтік дағдылары мен қасиеттері, шиеленісті шеше білуі, оқу барысында психологиялық-педагогикалық көмек және қолдау көрсете алуы, кәсіби өз-өзін анықтауы, тануы, шығармашылық қабілеттерінің дамуына байланыстылығы бұларға ортақ болып табылады.

Сонымен қатар, бұл феноменнің мемлекеттегі әлеуми-мәдениеттік және әлеуми-экономикалық, нақты саяси жағдайға, ұлттық менталитетке, аймақтың өзіндік ерекшелігі мен тұлғаның өзін іске қосу және дамыту қажеттіліктеріне байланысты ерекшеліктері бар. Балаларға әлеуметтік тәрбие беру мәселелері мектеп пен отбасында ғана шешілмейді. Мектеп оқушысын дамытудың кең векторы мектептен тыс бос уақытты ұйымдастырудағы іс-әрекетте, қарым-қатынаста қамсыздандырылады. Әр мемлекетте мектептен тыс бос уақытты өткізуді түрлі терминдермен анықтайды: бос уақыт бағдарламалары, қосымша, сыныптан тыс, мектептен кейінгі, мектептен тыс, бейресми білім беру (бұдан әрі - БРБ).

Білімнің үш жақты дәрежеленуіне сәйкес бейресми білім беруге бекітілген ресми жүйеден тыс кез келген ұйымшыл оқу қызметі, оқу субъекттеріне қызмет етуге шақырылған оқу мақсатын жүзеге асыратын жеке қызмет немесе үлкенірек қызметтің болмыс бөлігі жатады. (Т.В.Мухлаева). ЮНЕСКО-ның классификациясына сәйкес бейресми білімге (*non-formal education*) дәстүрден тыс білім жүйесінде іске асырылатын оқу бағдарламалары, курстары жатады.

Қосымша білім беру жүйесінде оқушыларға әлеуметтік тәрбие беру бір

қатар елдерде жүзеге асырылатын қосымша білім бағдарламалары бойынша (Ресей, Беларусь Республикасы, Чех Республикасы) негізгі білім бағдарламаларынан тыс қосымша білім қызметін қамтитын және өзгеріп отыратын қоғамда өз-өзін анықтауға және іске қосылуға, өзара әрекеттесуге дайын азаматты, әлеуми-бағдарлы тұлғаны қалыптастыруды көздейтін әлеуметтік тәрбиенің түрлілігі болып табылады. Бейресми білім жүйесінде әлеуметтік тәрбие беру мәселелерін әр ел өз міндеттері мен басымдылықтарын ескере отырып қарастырады, оның үстіне әлемдік жалпы білім кеңістігіне тиесілі үрдістерін қадағалайды.

Көптеген шетел мемлекеттерінде – *мемлекеттің, қоғамның көңілі балалар мен жасөспірімдерге бос уақытын ұйымдастыру арқылы әлеуметтік тәрбие беру үрдісі* көрсетілген. Әсіресе, Қытай Халық Республикасының мектептен тыс білім мекемелері үкіметтің ерекше ықыласына ие: әлеуметтік және экономикалық саясаттың маңызды құрама бөлігі болып табылатын мектептен тыс білімге қатысты мемлекеттік саясат белгіленген, мектептен тыс білімді дамыту бағдарламасы қабылданған, оның әлеуметтік жүйенің маңызды элементі ретінде орны белгіленген. (Леонтович А.В).

Орталық және Шығыс Европа, Оңтүстік-Шығыс Азияның бір қатар елдерінің үкіметтері де балаларға бейресми білім беруді ұйымдастыру мемлекеттің міндеті болып табылады деген пікірді ұстануда. АҚШ-та балалардың және жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға ұлттық масштабта әлеуметтік ғылымда құрастырылған пікір ықпалын тигізді: бос уақытты өткізу құрылымы өмір салтының элементі ретінде әлеуметтік институттармен, әлеуметтік құрылым және қоғам мәдениетімен өзара байланыста болады. (Новикова И. А.). «Америка балалары мен қыздары клубы» ұйымы (Boys & Girls Clubs of America, BGCA) АҚШ-тың ең үлкен балалармен бос уақытта жұмыс жасау орталықтарының бірі. Клубтың негізгі мақсаты әлеуметтік қызметте белсенді тұлғаны дамыту болып табылады. Жапониядағы «Білім туралы негізгі заңның» 7-ші бабы әлеуметтік білімге арналған. «Оқыту курстарына негізделген стандарттан тыс білім жүйесіндегі ең бастысы жастар мен жасөспірімдерге арналған ұйымшыл білімдік қызмет» (Э.В.Молодякова).

Ақпараттық қоғамға көшу, қоғамдық өмірдің интернационалдандыру, әлемдік қауымдастықта жаңа технологияны дамыту шартында белгіленген жаңа бағыт – тұлғаның өмір бойы (ұдайы) тәрбиеленуін қамсыздандыру (Мектеп оқушысы тұлғасының өмір бойы (ұдайы) тәрбиелеу концепциясы). Бұл концепция бойынша кейбір мемлекеттер мектеп және мектептен тыс білім және тәрбие беру ынтымақтастығы мен үйлесімділігіне бағдар алған. (Жапония, Франция). Әлеуметтік тәрбие беру міндеттерін шешуде үлкен басымдыққа ие болған, бейресми білімнің жеке түрлері кеңінен таралды: балалар мен жасөспірімдердің мектептен тыс ұйымы, клубтары (археологтар, өлкетанушылар, геологтар, теңізшілер), орталықтары.

ТМД елдерінің, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің, АҚШ-

тың тәжірибесі мен тәсілдері қоғамдағы байсалды өзгерістер, сонымен қатар өмір сүру түрі мен сапасындағы өзгерістер қосымша білім беру жүйесінде балалар мен жастарға әлеуметтік тәрбие және білім беру мәселелерін шешуге әсерін тигізді (БРБ). Олар әлеуметтік тәрбие берудің жан-жағын біртұтас педагогикалық процесс ретінде (мақсаты, міндеттері, мазмұны, түрлері, технологиялары) қозғап өтті.

Дәстүрлілермен қатар мазмұнды аспектінің міндеттерінің, бағыттарының, түрлі құзыреттің қалыптасуына қатысы бар әлеуметтік диапазоны кеңейді. Барлық елдерде әлеуметтік тәрбие беру міндеттері шешімінің тиімділігі қосымша білім беру (БРБ) педагог қызметкерлерінің дайындық деңгейіне байланысты деп түсінеді. Мектептен тыс ұйымдарда (әлеуметтік тәрбие беру) мамандардың теориялық дайындығының жоғары көрсеткіші Қытайда байқалады. Шығармашылық сарайларда жұмыс істейтін бұл бағыт жетекшілерінің ғылыми дәрежелері бар. Қытайдағы инновациялық біліми қызмет дәстүрлі жұмыс тәртібіне жаңа мәнді тәсілдер, форматтар, нәтижеге қойылатын талаптарды енгізу ретінде түсіндіріледі.

Сөйтіп, қазіргі заманда жеке адами қасиеттер, әлеуметтік құзыреттілігі бар және әлеуметтендірілген толық қоғамның және оның азаматтарының әлеуми-мәдениеттік деңгейі, оларға қоғамның саяси, әлеуми және мәдени өміріне белсене қатысуына мүмкіншілік береді. Бейресми білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбие беру мәселелерінің анализі шетел мемлекеттерінің бір қатарында, әр елдің әлеуметтік тәрбие беру мәселелерін шешуде өзіндік ерекшеліктері бар екендігін көрсетеді. Оның үстіне, әлемдік әлеуметтік-мәдени процестер *өскелең ұрпаққа әлеуметтік тәрбие беруде жалпыға жатқызуға болатын үрдістерді* анықтайды:

әлемдік қауымдастықта тәрбие беру басымдықтары әр жеке алынған елде әлеуметтік тәрбие беру міндеттерінде, мазмұнында, технологияларында орын тапты;

балалар мен жастардың бос уақытын әлеуметтік бағытта ұйымдастыруға мемлекет пен қоғамның көңілі ықыласы күшейді;

ҚБ жүйесіндегі әлеуметтік тәрбие беру (БРБ) мемлекет пен қоғамның арнайы саясатының объекті немесе құрамдасына айналады;

ҚБ (БРБ) жүйесіндегі әлеуметтік және инновациялық тәрбие беру бағыттарының ауқымы кеңейді;

ҚБ жүйесіндегі массалық, қол жетімдік мәселелері, әлеуметтік тәрбие беру міндеттері шешілуде;

Кадрлік әлеуметтің сапалы дайындығын қадағалауда қызметтің қолданбалы әдістемелік, әдіснамалық, тәжірибелік, кәсіби құрама бөліктеріне көңіл бөлінеді.

Қазақстанда балаларға қосымша білім беру жүйесін жаңарту шетел мемлекеттерінің нәтижелі тәжірибелерін есепке алуды талап етеді.

1.6 Қазақстан Республикасының қосымша білім беру жүйесіндегі әлеуметтік тәрбие беру инновациялары және инновациялық үдерістерінің нақты жағдайының сипаты және оның дамуының басым бағыттары.

Балаларға қосымша білім беру қазіргі заман жағдайында білім беру үдерісінің ерекше вариациялық бөлігі ретінде қаралып, қалыптасқан қоғамда балаларды дамыту, оқыту және тәрбие беру факторларының бірі болып табылады. Қосымша білім берудің вариациялылығы, көп түрлілігі, бай дамытпалы әлеуеттігі бала тұлғасының қайталанбас, бірегей қалыптасуына мүмкіншілік туғызатын орта өз-өзін дамытуда басты шарт болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру – бұл балалардың шығармашылығын дамыту, тұлғалық өз-өзін анықтауын, олардың қабілеттерін, қоғамдағы өмірге бейімделуін, азаматтық сана-сезімінің, ортақ мәдениеттің, салауатты өмір салтының қалыптасуы және бос уақытты мазмұнды ұйымдастыруға жасалатын жағдайлар жүйесі.

Балаларға қосымша білім беру жүйесі біздің қоғамның алдында үлкен міндеттер атқарды.

Балаларға қосымша білім берудің отандық жүйесі ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетанушылық, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық білім беру қызметтері салаларында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша бірегей әлеуметтік-педагогикалық мүмкіншіліктерін қамтиды.

Қосымша білім беру ұйымдары келесі міндеттерді атқарады:

білімдік – балаларды қосымша білімдік бағдарламалармен оқыту, жаңа білім алуы;

тәрбиелік – шығармашылыққа, мәдениетке, өнерге, техникаға қатыстыру арқылы тәрбиелеу;

бейімделушілік – тұлғаның қорғалуы, өзгерген жағдайларда ішкі ортаға бейімделу;

креативтік – тұлғаның өз шығармашылық қызығушылығын жүзеге асыруы үшін бос білім жүйесін құру;

рекреациялық – баланың психофизикалық күшін қайта қалыптастыруда бос уақытын өткізу;

профориентациялық – болашақ мамандығын таңдауда саналы жауапкершіліктің қалыптасуы;

интеграциялық – жалпы, орта және қосымша білімнің бір кеңістікке бірігуі;

өзіндік жүзеге асыру міндеті – өзі таңдаған қызметте мүмкіншіліктерін ашу.

Қосымша білім беру ұйымдары осы міндеттерді жүзеге асыруда тұлғаның сан түрлі қызығушылықтарын қанағаттандыра алады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне мектептен тыс ұйымдар желісін кеңейтуді тапсырды.

Президенттің тапсырысы бойынша аймақтарда Астана қаласының Сарайына ұқсас жаңа, қазіргі заманға сай Оқушылар Сарайын ашу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан балаларға қосымша білім беру жүйесіне жаңа технологияларды енгізу жұмысы белсенді жүріп жатыр.

Үкімет Қаулысымен балаларға қосымша білім беру ұйымдарын жаңарту бойынша шаралар кешенін қарастыратын 2012-2016 жылдарға арналған мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытуға арналған Ұлттық жоспар бекітілді.

Нәтижесінде, бүкіл ел бойынша мектептен тыс ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жұмыс жүргізіліп, балаларға қосымша білім берудің негізгі бағыттары бойынша жаңа база құрасытырылуда: көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетанушылық, әлеуметтік-педагогикалық және т.б.

Астана қаласының Оқушылар сарайында Ұлттық интерактивтік саябақ іске қосылған.

Аймақтарда қосымша білім беру ұйымдарын «Робототехника» кешендерімен, қазіргі заманғы жоғары технологиялық жылыжайлар, музыкалық құралдармен, туристік-экспедициялық құрал-саймандармен жабдықтау бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Қазіргі уақытта білім және ғылым Министрінің тапсырысы бойынша еліміздің жоо-да балаларға арналған ғылыми-техникалық үйірмелер және танымдық-зерттеушілік зертханалар ашу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қазіргі уақытта қосымша білім беру 641 мектептен тыс ұйымдарында балалардың 22,9 % қамтиды. 2011 жылмен салыстырғанда, мектептен тыс ұйымдардың саны 20 бірлікке өсті.

Мектептен тыс ұйымдардан басқа 53 мыңнан астам мектеп үйірмелері балалардың 35,1 % қамтиды. 40 мыңдай мектептік спорттық секциялары мен 418 спорттық мектептер балалардың 36,6 % спортпен шұғылданады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру маңызды орын алады. Қазақстанда 21 жас техниктер мен техникалық шығармашылық орталықтары жұмыс істейді. Оларда 11 мыңнан астам мектеп оқушылары оқиды. Балалар шығармашылығы орталықтары, 189 үйлердегі техникалық профиль үйірмелері, техникалар, ғылымдар бөлімі ашық және жұмыс істейді.

Балаларға қосымша білім берудің табиғатты қорғау қызметіне және оқу-зерттеушілік жұмыстардың жүргізілуіне бағытталған экологиялық-биологиялық негізін 18 жас табиғат зерттеушілері стансасы мен экологиялық-биологиялық орталықтар (12 мыңнан аса балалар) құрайды.

Республикада 26 стансалар мен жас турист-өлкетанушылар орталықтары жұмыс істейді. Онда 16 мыңға жуық оқушылар айналысады.

206 балалар музыкалық мектебінде, 30 балалар көркем мектептерінде және 110 балалар өнер мектебінде 100 мыңға жуық балалар оқиды.

Қызығушылығы бойынша 24 клубта, 10 жыл бойына созылған лагерлерде, 7 аула клубтарында, сонымен қатар қосымша білім беру ұйымдары астындағы 508 аула клубтарында 120 мыңнан астам балалардың бос уақыты қамсыздандырылған.

Дегенмен, мемлекеттің қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық, индустриалдық-инновациялық бағыттарын дамытуда қосымша білім беру жүйелері жаңа тәсілдерді, ұйымдастырушылық түрлері мен жаңартылуын талап етеді.

Қазіргі кезде қосымша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы жаңартылуды және заманға сай интерактивтік құралдармен жабдықталуды талап етеді.

Күні бүгін елімізде мектеп оқушысының шығармашылық зерттеушілік ізденісі қабілеті мен дағдыларын дамытуда жүйелі тәсіл қолданылмайды.

Көптеген түрлі деңгейлі білім беру ұйымдары тәжірибелі бағдарланбаған, яғни функционалдық сауаттылықты құра алмайды.

Бүгінгі күні қазақстандық білім жүйесінде оқу процесінің тәжірибе жағына жеткіліксіз көңіл бөлінген, оқушылардың индивидуалдық ерекшеліктері дұрыс ескерілмейді.

Мемлекет басшысы белгілеген міндеттерді шешуде тұлғаның қызығушылығын және қабілеттерін дамытуды, оның индивидуалдық білімдік жолын қамсыздандыратын балаларға қосымша білім берудің рөлі айрықша зор.

Бүгінгі күні аданың білімділігі арнайы (пәндік) білімдермен емес, ал оның жан-жақты тұлғалық дамуы, отандық және әлемдік мәдениет дәстүріне бағытталған қазіргі заман құндылықтар жүйесі мен қоғамда белсенді әлеуметтік бейімделуімен және таңдай білуі, өздігінен білім алуы мен өздігінен жетілуімен анықталады.

Сондықтан да білімдік үдеріс адамның индивидуалдығына қатысты барлық, яғни жігерлілік, өнерпаздық, қиял, өзіншелік секілді тұлғаның қасиеттерін, баланы жан-жақты дамытуға, оның шығармашылық мүмкіншіліктерін, қабілеттерін ашуға бағытталуы тиіс.

Қазақстандағы терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңінде, барлық қоғамдық қарым-қатынас жүйелерін бағалау жүріп жатқанда, болмыстық өзгерістерді білім жүйесі де кешеді. Біздің уақытымыздың сипатты ерекшеліктері білім берудегі инновациялық процестерді іске қосу болып табылады. Білімдік парадигма ауысып: өзге мазмұн, өзге тәсілдер, құқық, қарым-қатынас, өзге педагогикалық менталитет ұсынылады. Бұның бәрі білім беру жүйесіндегі инновациялық процестердің ашылуын куәландырады.

Инновациялық жаңа енгізілімдер жалпы білім беру жүйесі ретінде қосымша білім беруге де тиді.

Қосымша білім беру, мектеп білімінің толық құқылы серіктесі, жалпы білім жүйесінің бөлігі болып, тұлғаның дамуын, оның ерте кәсіби бағыт алуын қамтамасыз ететін қажетті буын.

Балаларға қосымша білім беру құндылығы оның жалпы білімнің вариациялық құрама бөлігі ретінде оқушылардың білімдері мен қабілеттерін жүзеге асыруына ықпал тигізіп, саналық уәжін ынталандырады. Ең бастысы, қосымша білім беру негізінде балалар өздерінің потенциалдық қабілеттерін дамыта алады, қазіргі заман қоғамына бейімделеді және бос уақытын мазмұнды ұйымдастыра алады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін жаңартудың жетекші тенденциясы педагог қызметкердің білім беруді ұйымдастыру сапасының басым, ерекше белгілі инновациялық қызметке қосылуы болып табылады. Оқу мекемесінің инновациялық стратегия мәнмәтінінде барлық өзгерістерге тікелей қатысты педагогтың рөлі айтарлықтай өседі. Қосымша білім беру педагогының инновациялық қызметі жеке педагогикалық жүйенің міндетті компонентіне айналады да таңдаулы зерттеушілік сипатқа ие болады. Бұл педагогтың өзінің кәсіби еңбегін қайта бағалап, дәстүрлі атқарушы қызмет шегінен шығуы және оның мәселелік-ізденушілік, рефлексивтік-аналитикалық, қоғам сұраныстарына жауап беретін және тұлғаның өзіндік қалыптасуына жағдай жасайтын ауысымы. Педагогикалық ұжымда жаңа педагогикалық білімнің, педагогтың білімдік және әлеуметтік міндеттерінің өзгертілуінің қажеттілігі өседі.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы инновациялық қызметтердің бағыттары:

білім мазмұнын жетілдіру;

қазіргі педагогикалық технологияларды зерделеу және тәжірибеге енгізу;

дарынды балалармен жұмыс жасау жүйесін құру;

басқару жүйесін қалыптастыру;

білімдік үдерісті ақпараттандыру.

Педагогикалық қызметтің инновациялық білімдік процестегі мазмұны дәстүрліден айтарлықтай ерекшеленеді.

Біріншіден, технологиялық қызметі жылдам дамитын болғандықтан қызметтің мазмұны мен технологияларын құрастыру бойынша қызмет аса күрделенеді. Ол педагогтан жұмыстың арнайы тәсілдері мен амалдарын талап етеді. Оның үстіне, қазіргі ақпараттық технологиялар қызметтің сапасына және оның өнімдеріне қосымша талаптар қояды. Екіншіден, қазіргі педагогикалық процестің дәстүрлі білімнен ерекшелігі болып, басты көңілдің педагогке емес, балаға – оның іс-қимылына, өнертапқыштығына, кретивтілігіне ауысуы табылады. Қосымша білім беруде педагогтың маңызды міндетіне баланы, оның іс-әрекетінде қолдай білу, оның әлемде сәтті жылжып отыруына ықпал тигізу, туындаған мәселелерді шешуін жеңілдету, түрлі ақпараттарды меңгеруіне көмектесу кіреді. Үшіншіден, танымдық материалды ұсыну және түсіндіру тәжірибесі педагог пен баланың

қарқынды қатынасын тұжырымдайды, қазіргі қосымша білім беру білім субъектілері арасында өзара қызықты әрі белсенді қарым-қатынас талап етеді, ал дәстүрлі оқыту типінде педагогтың жалпы барлық балалармен қарым-қатынасы басымдырақ, ал педагогтың жеке баламен өзара қатынасы айтарлықтай төмен.

Сөйтіп, қосымша білім беруде инновациялық қызметтердің қажетті алғышарттары ретінде педагогтың әлеуеті мен тәртібі, оның жаңалыққа деген сезімталдығы, ашықтығы шығады.

Мысал ретінде Қарағанды қаласының «Балалар мен жасөспірімдер сарайының» инновациялық қызметін қарастырамыз. Қарағанды қаласының «Балалар мен жасөспірімдер сарайының» инновациялық қызметі педагогикалық ұжым мәлімдейтін басым міндеттердің нәтижелі шешілуіне бағытталған қазіргі педагогикалық технологиялары бірлестіктері қызметінің тәжірибеге енгізілуіне, қабылдануына және құрастырылуына бағытталған.

Қосымша білім беруде оқыту процесінің жаңартылуы педагогикалық технологияларды жетілдіру арқылы ғана мүмкін, сондықтан Сарай педагогтары тәжірибеге инновациялық технологияларды енгізуде:

- 1) тұлғалық-бағдарлы тәсіл негізіндегі педагогикалық технологиялар:
 - тұлғалық-бағдарлы оқыту;
 - оқытудың өз-өзін дамыту технологиясы;
 - қызмет педагогикасы («енуші технология»);
 - гуманнизмдік-тұлғалық технология Амонашвили Ш.А.;
 - ойын технологиялары;
 - дамытушы оқу технологиялары;
 - мәселелі оқыту;
 - индивидуалдық оқыту технологиясы (индивидуалдық тәсіл, оқуды индивидуалдандыру, жобалар әдісі);
- 2) дараландыру және түрлендіру технологиялары;
- 3) педагогикалық шеберлікті қолдану арқылы топ ішілік түрлендіру;
- 4) жобалық технологиялар балалардың әлеуми- және тұлғалық-мәнді қызметке қосылуын болжайды.

Бүгінгі күні инновациялық қызметте жобалар әдісінің маңыздылығы еш күмән туғызбайды. Жобалық қызмет әлеуметтік-педагогикалық бағытталған бірлестіктерге, мектепке дейінгі жастан бастап («Моя малая Родина», «Росток», «Капелька света» және т.б. жобалар) енгізіледі.

Мектепке дейінгі жастағы ересек топтағы балалардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру үдерісінде педагог ізденушілік қызметінің алғышарттарының, интеллектуалдық инициативасының қалыптасуына; мәселелерді үлкеннің көмегімен, кейін өзі жеке шешу әдістерін анықтай білуін дамытуға; түрлі нұсқаларды қолдану арқылы қойылған мақсаттарды шешуге ықпал тигізетін әдістерді қолдана білуін қалыптастыруға; арнайы терминологияны қолдану ықыласын дамытуға, бірге атқарылатын зерттеушілік қызмет үдерісінде құрылымдық әңгіме жүргізуге ерекше көңіл бөледі

Жобалық әдіс бірегей әрі түрлі жастағы балалармен жұмыста, мектепке дейінгіден бастап, оған түрлі әдістер мен технологияларды қоса беруге болады.

Жобалық технологияның Сарай үшін инновациялық екендігіне және тек соңғы үш жылда сыннан өтілгеніне қарамастан, кей қол жеткізген нәтижелерін атап өтуге болады. Жобалық қызметке қатысушы, оқушылар:

қоршаған ортаны тануда шығармашылық белсенділік көрсетеді;

жеке, әрі бейімді шешім қабылдайды;

тәжірибелік шарттарды шешуде сенсорлық сезімдерін саналы пайдаланады;

өздерін түсінуші субъект ретінде мойындайды (бірі белгілі, бірі жоқ, қай түрде білуге болатынын);

бірге орындайтын жоспар жайлы балалар ұжымында тілдесуге қабілетті;

әлемді утилитарлық көзқараспен ғана емес, сонымен қатар оның бірегейлігін, сұлулығын, әмбебаптығын да қабылдай білу.

Қосымша білім беру педагогтерінің өз қызметінде қолданатын жобалық әдісі:

барлық тәрбиелік-білімдік процесті жеке шығармашылық жоспарлай білуі көрінеді;

тәрбиеленушілердің сұраныстары мен қызығушылықтарын ескере отырып, бейімді жоспарлай біледі;

ізденушілік педагогикалық қызметін жүзеге асырады;

өздерінің шығармашылық қабілеттерін жүзеге асырады (суреттік, әдебиеттік, музыкалық қызметте).

Сарай бірлестігінің жобалық қызметіне қатысушы ата-аналар:

тек баласымен ғана емес, сонымен қатар ата-аналар ұжымымен тығыз байланыс орнатты;

балалар бірлестігінде баласының не істейтінін ғана білмей, бірлестік өміріне белсенді қатысу мүмкіндігіне ие болды;

өздерінің шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыра алды.

Осы Сарайдың тәжірибесінде келесі жобалар түрлері қолданылуда:

зерттеушілік шығармашылық жобалар: тәрбиеленушілер эксперимент жасайды, содан соң, нәтижесін газет, драмаластыру арқылы рәсімдейді;

рөлдік-ойындық жобалар (балалар ертегі кейіпкерлерінің рөлінде қойылған мақсаттарды өз бетінше шешетін ойын элементтері бар жоба);

ақпараттық тәжірибелік-бағдарлы жобалар: балалар ақпарат жинайды және оны әлеуметтік қызығушылықтарға сүйене отырып жүзеге асырады;

шығармашылық жобалар (нәтиженің балалардың мейрамы, балалар дизайны тәрізді рәсімделуі, мысалы, «Театрлық апта»).

Қарағанды қаласының Балалар мен жасөспірімдер сарайының тәрбиелік-білімдік үдерісінің негізіне салғымыз келіп тұрған жобаның технологиясы педагогикалық үдерісті тиімді гуманизациялауға мүмкіндік

беретін оқыту мен тәрбие беру мазмұны мен әдістері құрастыруда жаңа идеяларды енгізуге ықпалын тигізеді.

Қосымша білім беру жүйесіндегі болып жатқан өзгерістер объективті қажеттіліктермен шартталған адекваттық қоғамдық даму және білімдік жүйе өзгерістерінің эволюциясы Сарайдың функциялық байсалды өзгерістерінің қажеттіліктері педагогикалық қоғамдастық санасында жалғасын табады.

Жаңа инновацияларды іздеу және меңгеруде Қарағанды қ. «Балалар мен жасөспірімдер сарайы» қызметінің сапалы өзгерістеріне тигізетін әсері - қосымша білім беру жүйесінің дамуын оңтайландырудың негізгі механизмі. Көптеген зерттеушілер қосымша білім беруді дамыту нысаналы үдерісте құрастыру және дайындау, енгізу және меңгеру, тарату және жаңалықты тұрақтандыру, оныңшартталған сапалы жаңа тұрғысына байланыстырады. Ескере өтетін жағдай, қосымша білім беру инновациялылық деңгейі қоғамның даму деңгейімен және жалпы мектепті білім беру инновациялылығы деңгейімен еріксіз қабылданған. Басқаша айтқанда, инновациялар өзгерістер қажеттілігі мен олардың жүзеге асырылу мүмкіндігінен туындайды.

Қосымша білім беру саласындағы инновациялық үдерістер қосымша білім беру ұйымдарының қалыптасу болмысын анықтайды: балаларға қосымша білім беру ұйымдарында оқыту және тәрбие беру сапасына жақсы әсер етеді, қосымша білім беру педагогтарының кісіптік деңгейін арттырады, тәрбиеленушілердің рухани дамуы үшін жағдай жасайды, оларға қатысты тұлғалық-бағдарлы тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру саласында инновациялардың келешектен үміттері:

Әлеуметтік серіктестік және басқа ұйымдармен біріккен жобалар қосымша ресурстарды тарту шарты мен құралы және білімдік үдеріс сапасын арттыру, профориентациялық жұмыстың тиімділігін арттыру;

білімділікті арттыру құралы ретінде аймақаралық және халықаралық жобаларды дамыту, тәрбиеленушілердің мемлекеттің басқа аймақтарынан қатарларымен танысуы, жарысшылдықты, патриоттықты, өз қызметі нәтижелеріне деген мақтантұтушылықты және оқушыларды шығармашылыққа ынталандыру;

топтық жұмыс бірегей қызмет нормаларын құрастыру, ұжымда, тәрбиеленушілердің әлеуметтенуінде жұмыс істей білу қабілеті;

қосымша білім берудің «блогтық саласын» қалыптастыру, қазіргі деңгейлі қамсыздандырылған білім бағдарламаларын компьютерлік технологиялармен қамту және оқушылардың цифрлық мәдениетін дамыту, білімнің тиімділігін арттыру жолы сияқты қашықтықтан қатысу мүмкіншілігі бар ақпараттық-коммуникативтік технологиялар және телекоммуникациялық жобаларды дамыту;

түрлі дәрежелі білім бағдарламаларының сабақтастығы, оқушылардың бастапқыдан кәсіптік дайындық алды үздіксіз оқу циклын құру;

ғылым салаларында, өнерде, әлеуметтік қызметте, спортта және т.б. пайда болатын жаңа бағыттарды ескере отырып білім мазмұнының жаңартылуы; білімдік жұмыстың жаңа, түпнұсқалы түрлерін қолдану;

білікті мамандармен модельделінген және қосымша білім беруді дамытудың барлық бағыттары бойынша жүйелі ақпаратты ұсынатын мамандандырылған интернет-портал негізінде қосымша білім беру кешендік ақпараттық жүйесін дамыту;

біріккен білімдік технологияларды дамыту – жобалық-зерттеушілік қызмет, ойын технологиясы, тұлғалық-бағдарлы тәсіл және т.б., оның ішінде олар бағыттар шектеуінде дәстүрлі қолданылмаған;

қосымша білім беру білімдік бағдарламалары тақырыбына қосылған территориялық қоғамдастыққа (ауданға) ықтимал әлеуметтік қажет шығармашылық, жобалық және қоғамдағы тәрбиеленушілердің зерттеушілік жұмыстары тақырыбын анықтау және анализдеу; енгізбелік кешен құру;

тәрбиеленушілердің ынталануын арттыратын түрлі кәсіптердің психологиялық аурасын жүйелі қолдану (романтизм, героика және т.б.)

Қорытынды

Өзгеріске ұшыраған әлеуми-мәдениеттік жағдайда білім беру адам капиталын, қоғамның тұлғаның бастапқы құқық басымдығына шоғырлануы, теңқұқылы ұлттық мәдениеттерін, этника аралық шыдамдылығын, қоғамдық және конфессиялық келісімін дамытуда өз әлеуетін қолдануға бағытталған.

Сондықтан да әлеуметтік тәрбие берудің мемлекетте және қоғамда, әлеуметтік-білімдік тұлға қажеттіліктерін ескере отырып жаңа тұрғыда өмір сүруге дайын адамды өндіретін қоғам қызметі ретіндегі басым мәселелері болып табылады.

Сонымен қатар, ұрпақтың әлеуметтену механизмі, руханисыздықты күшейтуі, жас ұрпақтың белгілі бір бөлігінің білімдік және мәдениеттік құлауы, балаларға және оқушы жастарға әлеуметтік тәрбие беру мәселелері дәстүрлі құндылықтар жүйесі девальвациясымен шартталған. Сөйтіп, тұлғаның рухани-адамгершілік, азаматтық қалыптасуы, оның жарамды әлеуметтенуі мәселелері басым болып бара жатыр.

Индустриялық-инновациялық экономикасын дамыту тұрғысында, негізгі ресурс мобильді және жоғары білікті адам капиталы болып, Қазақстанда тәрбие беру мәселелеріне түсінік беру білім беру басымдығына, оларды шешуде жаңа тәсілдер іздеу болып табылады. Сондықтан да, қосымша білім беру қоғам мен өскелең ұрпақтың өзара қатынасына жаңа жағдайлар құратын әлеуметтік институт ретінде жауапкершілігі молаяды. Қосымша білім берудің тәрбиелік жүйесінің әлеуметтік-мәдениеттік бағытталуы, индивидуалдық-тұлғалық қызмет негізі баланың қоршаған ортаны шығармашылық қабылдауының қажеттігін, осы ортадағы өзін, жан-жақты адамдық «Мендігін» жетілдіруін құрайды.

Қосымша білім беру жүйесіндегі әлеуметтік тәрбие беру мәселелерінің өзектілігі нормативті құжаттар қатарында көрсетілген. Дегенмен, қазіргі уақытта, әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық қызметі, сонымен қатар жаңа білімдік парадигмасының дамуының нәтижесі болатын, қазіргі әлемнің жаһандану процесінің мазмұны, механизмі, қосымша білім беру ұйымдарындағы инновациялық қызмет критерийлері жеткілікті зерттелмеген.

Әдістемелік негіздер өзекті тәрбие беру мәселелерін шешу стратегиясын, сонымен қатар әлеуметтік тәрбие беру мәселелесін анықтайды. Біздің зерттеу жұмысымыздағы айтарлықтай маңызды тәсілдер болып, аксиологиялық, қызметтік, тұлғалық, жүйелік, біртұтас, құзыреттік, полимәдениеттік, этномәдениеттік, субъекттік тәсілдер, ПҚО теорияларының негізгі ережелері және педагогикалық қолдау саналады.

Бұл тәсілдер қосымша білім беру шартында әлеуметтік тәрбие беруді жетілдіруді қамсыздандыратын әлеует инновациялық үдерістерді аша алатын және жаңа енгізілімді шығару бағыттар спектрін кеңінен анықтау негізінде сипатталған болатын.

Инновация мәселесі бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиет анализі анықтамаларды және зерттеу жұмысының негізгі ұғымдарының мазмұнын нақтылауымызға мүмкіндік берді.

әлеуметтік тәрбие беру – педагогикалық құралдармен адамның әлеуметтену міндеттерін шешетін әлеуметтендіру үдеріс мәнмәтіні ретінде қарастырамыз. Әлеуметтік тәрбие беру өзімен мектеп оқушыларының жеке тұлғалық өмір тәжірибесін, нормаларын, құндылықтарын, қоғамда қабылданған ережелері меңгеру процесіне бағытталған тәрбие беру ұйымдарында жүзеге асырылатын әлеуметтік құзыретті, әлеуметтік бейімделген тұлғаның қалыптасуына жағдайлардың жасалу үдерісін көрсетеді.

Инновация (жаңа енгізілім) - әлеуметтік тәжірибеде маңызды өзгерістер туғызатын түрлі жаңалықтар түрін құру және енгізу.

Инновациялық үдеріс деп жаңалықтарды құрастыру, меңгеру, қолдану және тарату бойынша кешенді қызметті айтады.

Қосымша білім беру жүйесінің әлеуметтік тәрбие берудегі инновациялары - салыстырмалы бақыланатын және педагогикалық реттелетін жаңа тәрбиелік құралдарды қолдануға негізделген, тәрбиеленушілердің әлеуметтенуіне ықпал тигізетін әлеуметтік-педагогикалық жүйенің әлеуметтік-педагогикалық үдеріс деп түсіндірілуі.

Инновациялар әлеуметтік-педагогикалық жүйенің әлеуметтік-педагогикалық үдерісінің **барлық құрамдастарына** (мақсаты, мазмұны, құралдары, түрлері, әдістері, технологиялары, субъекттердің біріккен қызметі), сонымен қатар қосымша білім беруге де **таралады**.

Қазіргі әлеуметтік-мәдениеттік кеңістіктің өзгеруі жетілуші адамның қалыптасуына әсер етіп және әлеуметтік тәрбие берудің келесі бағыттарын іске қосты:

оқушыларының жеке тұлғалық өмір тәжірибесін, нормаларын, құндылықтарын, қоғамда қабылданған ережелері менгеруін, сонымен қатар өзін-өзі анықтауын және тануын педагогикалық ұйымдастыру;

балаға өз өмірін ұйымдастыруда жеке шешім қабылдауда әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік автономдану және әлеуметтік ықпалдасу үдерісін тиімді өткізуге көмек көрсету;

әлеуметтік, дендік, танымдық және шығармашылық қызметтер арқылы бала денсаулығын сақтау;

мектеп оқушылары әлеуметтік қызметі тәжірибесін, әлеуметтік шығармашылығын, әлеуметте тұлғаның шығармашылық іске қосылуын педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

мектеп оқушыларының өз-өзін басқару, нормашығармашылық, азаматтық инициатива тәжірибелерін дамыту;

әлеуметтік даму, әлеуметтік қалыптасу, әлеуметтік құзыреттілігі бойынша оқушының қызметін іске қосу;

білімдік-тәрбиелік ұйымдарда әлеуметтік тәрбие берудің мазмұнын, түрлерін, әдістерін, технологияларын, оның оқушының рухани-адамгершілік, әлеуметтік қалыптасуына бағытталуын жаңарту;

әлеуметтік тәрбие беруді ұлттық дәстүрлерге, адамды Отанының тарихи жұмысына сүйене отырып патриотизмді дамыту. Ол ұлттық болуы тиіс;

қоғамда толық қамды өмір сүруге (жасөспірімдердің қараусыз және құқық бұзушылығының алдын алу) баланың құқығын, оның кәсіби өз-өзін анықтауын педагогикалық қорғау;

әлеуметтік тәрбие беруді инновация, инновациялық модельдер, инновациялық тәрбие жүйелері бойынша мониторинг жүйесі мен деректер базасын дамыту.

Біздің ойымызша, әлеуметтік тәрбиеге, жүйеге және үдеріске қатысты инновация білімдік-тәрбиелік жүйелі мекемелерде оның барлық компоненттеріне (мақсаты, мазмұны, құралдары, түрлері, әдістері, технологиялары, мұғалім мен оқушының біріккен қызметі), сонымен қатар қосымша білім беруге жаңалықтарды енгізу болып табылады.

Әр елде әлеуметтік тәрбие беру жалпы әлемдік үрдістерімен қатар өзінің жеке міндеттері мен басымдықтарын ескере отырып қарастырылады. Сондықтан да, білімдік-тәрбиелік жүйені тұрғызығанда Қазақстанның қосымша білім беру ұйымдары ұлттық тәрбиелік идеалға, мектеп оқушысының, қазіргі заманға сай қоғамда басымдық мағынасы бар тұлғасына жетуге бағдар алуы тиіс. Яғни, балаларға әлеуметтік тәрбие берудің мазмұнын жаңартуда келесі инновациялық бағыттарды ұсынуға болады:

Мектеп оқушысы тұлғасының интеллектуалдық әлеуетін, оның интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-белсенді қызметке дайындығын, өз-өзін дамытуға, іске қосуға және шығармашылыққа дайындығы;

балалардың әлеуметтік қалыптасуын қамсыздандыру, тұлғаның азаматтық, шыдамдылық, патриоттық, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

жаһанданған әлемнің құрама бөлігі ретінде адамның үш тілді меңгеруге дайындығын қалыптастыру;

туған, жалпыұлттық және әлемдік мәдениет таратушысы болу қажеттігін, Ұлттар бірлестіктері шоғырланған орталықта қазақ халқы мәдениетін меңгеру қажеттігін қалыптастыру;

мектеп оқушысы тұлғасын әлеуметтену, тану, тілдесу және шығармашылық субъекті ретінде өз-өзін тану, дамытуын іске қосу үдерісінде дамыту;

әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық бағдарлары қосымша білім беру ерекшелігін ескеру арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбие берудің инновациялық бағыттарын жүзеге асыру инновациялық технологиялар мен әдістерге байланысты. Тұлғаның жеке өмірінің тәжірибесін, оның рухани-адамгершілік және интеллектуалдық әлеуетін іске қосуға негізделген әлеуметтік тәрбие берудегі басым технологиялар тұлғалық-бағдарлы, жобалық, ойын, этномәдениеттік, витагендік болуы тиіс.

Әлеуметтік тәрбие беру ұйымдарындағы инновациялық тұғырнамада маңызды өзгерістер бағыты ретінде келесілер мойындалады:

қосымша білім беру мазмұнын және түрлерін әлеуметтік-мәдениеттік молықтыру (қоршаған орта жағдайны байланысты түрлі жоспарлы құзыретке екпін қою, әлеуметтік қызметтің жаңа бағыттарын енгізу, мектеп оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған түрлі деңгейлі білімдік оқу бағдарламаларын құрастыру, қосымша білім берудің қоғамдық және мемлекеттік ұйымдармен, отбасымен бірлесе жұмыс істеу түрлерін қалыптастыру, қосымша білім беру және мектеп байланысын дамыту, қосымша білім беру ұйымдары педагогтары мен жетекшілері құзыреттілігінің кәсіби шеберлігін арттыру және интеллектуалдық әлеуетін дамыту);

басқарудың жаңа мемлекеттік-қоғамдық механизмін енгізу. Болмыстың эмоционалды-эстетикалық қабылдануын қалыптастыратын қобалжу педагогикасы іске қосылады.

Соңғы жылдары Қазақстанның қосымша білім беру жүйесінде педагогикалық және психологиялық ғылымдар жетістіктерін енгізу арқылы инновациялық білімдік бағдарламалар, тиімді инновациялық педагогикалық тәжірибе жобаларын құруға, білімдік-тәрбиелік жүйенің сапалылығына бағытталған инновациялық қызмет іске қосылды. Осы салада қоғамның жаңа талаптарына сай білімнің тәрбиелік құрамдастарын күшейту қажеттілігін ескере отырып, инновациялық қызметті іске қосу бір қатар нормативтік құжаттар және материалдарда көрсетілді.

Сөйтіп, қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік тәрбие беру инновацияларының әдістемелік негіздері анықталды, негізгі ұғымдардың мәнді-мазмұнды сипаты берілді, қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік

тәрбие беруді дамытудың инновациялық бағыттары ұсынылды, қосымша білім беруде әлеуметтік тәрбие беру мазмұнының инновациялық бағыттары қарастырылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (өзгерістер және толықтырулар енгізілген) -Астана,2012.
2. Қазақстанның 2030 жылға дейін даму Стратегиясы.
3. Лебедев О.Е. Білім берудегі құзыреттілік тәсіл //Мектеп технологиялары.-2004.-№5.-С.3-12.
4. Жексенбаева У.Б. Қазіргі мектептегі құзыретті-бағдарлы білім. Оқу құралы.-Алматы, 2009.
5. Хмель Н.Д. «Педагогикалық үдеріс мұғалім қызметінің объектісі ретінде»- А-А, Рауан, 1979.
6. Березина В. А. Қазіргі заман жағдайындағы балаларға қосымша білім беру / В. А. Березина. // Білім беру мекемелерінің нормативтік құжаттары. – 2006. - № 3. – 17-19.бет.
7. Евладова Е. Б. Балаларға қосымша білім беру: жоо-ға арналған оқу құралы / Е. Б. Евладова. - М.: Владос, 2008.
8. Богдан И.Т. Қазіргі заманда білім беру инновациялық үдерістері жаңа білімдік парадигманы дамыту нәтижесі ретінде // Негізгі зерттеу жұмыстары. – 2007. – № 12 –480-481. бет.
- 9.Зеньковский В.В. Педагогикалық шығармалар. Саранск, 2002. - С.54.
- 10.Ромм Т.А. Әлеуметтік тәрбие беру тұжырымдамасы: нормативтік-интерпретативтік тәсіл//Бүкіл ресейлік халықаралық қатысуымен әлеуметтік педагогтардың конгресі. Әлеуметтік педагогика: дәстүрлер мен инновациялар.- Екатеринбург.-138-143 бет.
- 11.Галагузова М.А. Әлеуметтік педагогиканың дәрежелі-ұғымды мәселелері. – Педагогика және білімнің ұғымдық аппараты: ғылыми жұмыстар жинағы.// Отв. Ред. М.А. Галагузова. –3. Бас.– Екатеринбург, Изд-во «СВ-96», 1998 – 168 – 184. бет.
- 12.Голованова Н.Ф. Қазіргі отандық педагогикада тәрбиелеудің тәсілдері. //Педагогика. № 10. 2007 г. - 38-47. бет.
- 13.Мардахаев Л.В. Әлеуметтік педагогика: Оқулық. – М.: Гардарики, 2005. – 269 бет.
- 14.Мудрик А.В. Социальная педагогика: Учеб. для студ. пед. вузов / В.А. Слостенина ред. – М.: «Академия» бас. орталығы 2000. – 224 с.
- 15.Куприянов Б..В. Балаларға қосымша білім беру мекемелерінде оқушылардың әлеуметтік тәрбиеленуі. Диссертация авторефераты - Кострома, 2011-37 бет.
- 16.ҚР балаларға қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамалық негізі. – Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы - Астана, 2012.-41 бет.

17. ҚР Үкіметінің 2001 жылғы № 849 қаулысымен бекітілген «Мектептен тыс мекемелер қызметінің ережелері».

18. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы № 832 қаулысымен бекітілген 2012-2016 жылдарда мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған Ұлттық жоспары

19. 2011-2020 жж. ҚР білімді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы